

П И О Н Е Р



МАЙ

1949 ЖЫЛ

№ 5

АЛМАТЫ



Т. ӘЛІМҚҰЛОВ

ЖАЗ ЖАРШЫСЫ

Толықсыған көктем таңы,
Жатыр әлем нұрға бөгіп,
Жылт-жылт етіп шық маржа-
ны,

Күн де шықты шұғла төгіп.

Мың құлпырып дала, міне,
Көк телегей толқып жатыр;
Иранбактың лала гүлі
Бір шөбіне емес татыр.

Түнді ұзатып талай жерге,
Суыт қайтқан жолаушыдай,
Ұқсап аққан тасқан селге,
Жан-жануар кетті сыймай.


Көкорай бел, ұшан түзде
Жер қайысқан төрт түлік мал.
Сондай болып көк теңізде
Ұшушы еді шағалалар.

Сағым жуған сонау адыр,
Етегінде алып завод.
Шып-шып тершіп жатыр қазір,
Өңешінен шашып сан от.

Тамылжыған алтын Майым,
Сендей көркем өмір таңым;
Көңілім хош әр жыл сайын
Оралғандай жастық шағым.

Оңтүстіктен қайтқан қаздың
Қанатынан леп еседі;
Лебі емес пе ерке жаздың
Көп ұзамай келесі енді.

Келсін көлбеп, сағынған жаз,
Ессін еркін ерке лебі;
Кәрі, жастың бәрі де мәз —
Жарқын жазым, сүйем сені!



БІЗДІҢ ОТАН ТАҢЫ



Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ф. С. Шурлиннің салған суреті.


Шапағы білді, әне, Отан таңы
Алаулап таяу қалды атар шағы.
Тамаша бүгінгі таң! Одан да артық
Елімің ертеңгі алтын атар таңы.

Біздің таң—бастамасы ұлы күнің,
Қағылған дабылы еңбек дүбірінің.
Шаттана Отан таңын қарсы алады
Көсемі, барлық жаны туған елдің.

Бөленген таң нұрына кең даласы,
Көрікті ауыл, қала, астанасы.
Біздің ел—көктем-жазы адамзаттың,
Таңы оның—сол көктемнің бастамасы.

Көктемде жер құлпырып көктегенде,
Қуанып балалар мәз көппен бірге.
Көңілді, көктем жүзді жас бөбектер
Гүл атып жайнағандай көппен бірге.

Т. ТӨГІСОВ.



Жас бұтақтап

Д. АБИЛЕВ.

I

Желсіз, күнсіз жер болған ба,
Айсыз, нұрсыз өмір жоқ.
Жүрек қымбат бұл жалғанда,
Көкіректе болса от.

Ертегідей ескі күннен
Келе жатқан көп жасап,
Көк теректі едім көрген
Қартайғандай қанқақсап.

Бағы күннің тарихынан
Нелер мұңды сыры бар
Жан тәрізді.

Жарық нұрдан
Үміті бар жылынар.

Тұрушы еді ол жапан түзде
Жалғыз өзі сарылып,
Келгендей-ақ бекер жүзге
Қапаланып, жалығып.

Өтуші еді құс та соқпай
Бұтақсыз қу терекке,
Бір өзінен шерлі жоқтай
Қасіретті жер көкте.

II

Соқты дауыл, көктем жасын
Жарқылдады нажағай.
Жайды өмір кең құлашын,
Жарқын жүзді анадай.

Ғасыр туын шыңға тігіп,
Нұрмен нұр боп жайнадық.
Күн сәулесін кірпікке іліп,
Бұлбұл болып сайрадық.

Алысқанға астан-кестен
Майдан аштық, түйредік.
Күрес жолын бастан кешкен
Сталиннен үйреніп.

Өтіп жатқан күн жоқ босқа,
Айда өндіріп жыл ісін,
Жауынгердей тұрған поста,
Бөгер кім бар ел күшін!?

Өрнектедік өмір сырын
Күреспенен қат-қабат.
Қопарамыз керек күні
Тауларды да құшаққа ап

III

Аяушы едім сол теректі
Жалғыз тұрған жапанда.

Шолушы едім төңіректі
Тұрарда да, жатар да.

Бетпақ атты жер бар еді
Бедірейген бір дүлей,
Мейірімсіз сұр дала еді
Қаталдықпен өтердей.

Жалғыз терек, жалқы шынар
Сол Бетпақтың шөлінде,
Мүмкін жүзге келген шығар
Ынтық еді өмірге.

Ақсақалдай көпті көріп,
Ғасыр сырын әндеткен,
Дауыл ұрып, бұлттар төніп,
Қаталдықпен ержеткен.

Бурыл терек, кәрі шөңгер,
Риза едік біз саған.
Келді кезің көріктенер,
Жас бұтақтап қайтадан.

IV

Құс қанаты от боп күйген
Жап-жаладаш Бетпақты,
Шолды көсем Кремльден,
Тоң балқып, жер бу атты.

— Көк орайлы шалғын болсын
Ақ татырлы Бетпақ жер,
Көлдер орнап, құстар қонын,
Күн аптығын бассын ел.

— Гудок даусы теңселдірсін,
Гүрс-гүрс айдап паровоз,
Шерлі Бетпақ бір құлпырсын,
Жас сұлудай қара көз.

— Трубалары көкті тіреп
Завод, фабрик қаптасын.
Кәрі терек қайта түлеп,
Ғасырларға аттасын.

— Ну өзендер тулай ағып,
Суласын жер тамырын.
Еңбек майдан дабыл қағып,
Шешсін өмір тағдырын.



— Сұр Бетпақтың даласына
Жас ағаштар егілсін.
Келер ұрпақ, ғасырларға
Жаңа ормандар берілсін.

— Жас ормандар өсіп зәулім.
Жапрақтасын жас бұтақ. —
Тақыр Бетпақ жайнап сәулім,
Қара шашты қызға ұқсап.

Ой түйілді. Нұр құйылды,
Жансыз жатқан сұр дала
Жан кіргендей бір жымылды,
Жата алмады сұрлана.

Қариясын сыйлай білу —
Қашанғыдан бір дәстүр.
Көк терекке көтердік ту,
Сұр Бетпақты басты нұр.

Эн шырқады Айбала қыз
Жерге қадап көк шыбық.
Сол бір аймақ—айдаламыз
Сала берді құлпырып.

V

Келді міне жаз еркесі,
Жаз еркесі жан сүйген.
Жібек етіп жер көрпесін
Ашты құшақ эн-күймен.

Көк шыбықтар сұнғақ тартып,
Жас өспірім ұл-қыздай, —
Тамырлары нұр мен балқып...
Көз толқытад жұлдыздай.

Көк терек тұр көкке шалқып,
Бұтақтары бұлтты ұрып.
Нұр аймалап, нұрмен балқып,
Жас жігіттей құлпырып.

Кім жырламас, жыр арнамас,
Ну орманға жас бұтақ!?
Кәрі терек ғасыр сырлас
Тербер күнді құшақтап!

Келді міне жаз еркеміз,
Жаз еркеміз жан сүйген.
Жас бұтақтар өмір—деңіз —
Өскен еңбек әлдімен.

Жас ұрпақтар Бетпақ жайын
Жас бұтақтан ұғынар!
Орман еккен ағатайын
Энге қосар, жыр қылар!

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

Ғ. НАҚАНОВ

Қазақ халқының атақты батыры Аманкелді Имановтың халық жауларының қолынан қаза тапқанына 30 жыл толды. Ол қазақ еңбекшілерінің 1916 жылы патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне басшылық етті. Қазақстанда совет өкметін орнатуға белсене қатысты, большевиктік партияның ержүрек адал ұлы болды.

Аманкелді 1873 жылы туды, 1880 жылы оның әкесі Үдербай дүниеден қайтыс болды. Жетім қалған үш баланы тарықтырмас үшін, қоныстас отырған Таутабай деген байға Қаламыр қонысы болады. Бірақ, өтпін тұрап 14 жасар Аманкелді, байдың өздеріне үстемдік етіп, асқақтап, еңбектерін тегін пайдаланғысы келгеніне шыдамай, Таутабай мен араздасып шешесімен өкесінің еңбегіне бағалап, бір жүйрік құнанын ұстап алып, аулына көшіп келеді. Таутабай мен айтысын құнанды бермей, ақысына кесіп, сіңірін кетеді.

1916 жылдың жазында, 23 июньде, патша үкметі қазақтан және басқа езілген ұлттардан ұрыстағы әскерлерге жәрдем беріп, оқоп қазу және басқа қара жұмыс істетуге адам алу туралы жарлық шығарды. Оны ел ішінде «июнь жарлығы» деп атады.

Торғай уезінде «июнь жарлығын» естісімен ел адамдары, әсіресе жастар жағы толқын, алдыңғы қарқынның өзінде ақ, құралды көтеріліске айнала бастады.

Бөпе-қарасуында уезд қоластына қараған елдің адамдары өзара кенесіп, орталарынан көтерілістің штабын белгіледі. Аманкелдіні көпшілік бүкіл сарбаздардың үстінен, қолбасы етіп тағайындады.

Көтерілісшілер ең алғаш уездің орталығы болған Торғай қаласының Ырғыз-Шалқар, Ақтөбе және Қостанаймен байланысын үзіп, телеграф жолымен почта станцияларын қыйратты. Патша үкметінің елге жіберген жазалаушы отрядына Аманкелді Татырда қатты соққы берді.

Татырда болған ұрыс көтерілісшілердің көк темірді күрсаңған жаудың бетін қайтаруға құдіреттері келетіндігіне сенімдерін күшейтті.

Қазақ халқының Аманкелді бастаған ұлт-азаттық



қозғалысы 1917 жылғы февраль революциясына дейін созылды. 1917 жылы 22 февральда қазақ халқының айбынды батыры Аманкелді бастаған ұлт-азаттық күресі жауынгерлері патша әскеріне соққы беріп, қырын сындырды. Бұл көтерілісшілердің ұлы жеңісі еді. Патша үкметі көтерілісшілерді талқандап, қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің күлін көкке ұшырғысы келді. Онысы, орыс жұмысшы табы мен еңбекші шаруаларының революциялық қозғалысының күрделі жәрдемінен арқасында, іске аспады. 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы патша үкметінің тылын әлсіретті; ішкі Россиядағы революцияға қарсы жұмысшы күшінің бір бөлімін өзіне тартты, әрі революцияға қарсы қара күштің азық-түлік,

қаражат жеткізетін Қазақстандағы мүмкіншілігін тартып алды. Сүйтіп, патша үкметінің құлауын тездетуге Аманкелді бастаған қазақ еңбекшілері де өздерінің үлесін қосты.

Патша құлап, уақытша үкмет құрылғанмен еңбекшілер шын мағнасында, азаттық ала алмады. Айбынды Қызыл Армияның жәрдемімен, Аманкелді бастаған қазақ еңбекшілері Торғайда совет үкметін құрды. Сүйтіп, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі социалистік революциямен ұласты. Торғайда совет үкметі құрылды, көтерілісшілердің көсемі Аманкелді Иманов большевик партиясының қатарына кіріп, еңбекшілер үстемдігін жүргізуге белсене қатынасты. Торғайда соғыс комиссары болып қызмет істеді.

Бірақ, Ұлы Октябрь революциясында жеңілген қазақ байлары, олардың малайы «алашордашылар» орыс контрреволюциясымен бірлесіп, ішті-тысты алдау әдісін қолданады. Ақырында ішке кіріп, алысқан жау Торғайда, абайсызда Аманкелдіні қолға түсіріп, 1919 жылы өлтіріп жіберді. Сүйтіп, қазақ халқының күрес үстінде буыны бекіп, саналы өскен ардагері, большевик партиясының адал ұлы Аманкелді алашордашылар қолынан қаза тапты.

Қазақ еңбекшілері өзінің айбынды батыры, большевик партиясының адал ұлы Аманкелді Имановты әрқашанда есінде сақтайды.



Алғашқы айқас

Ә Н Г І М Е

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

К ӘБДІҚАДЫРОВ

— Батыр, мый қайнар ыссыдағы Қазанның бүгелегі ат басын жерге салғызбай тұр. Келетін азаматтар келін те болған тәрізді. Тоқтамынды айтсаң, жөн болар ма еді, — деді ұсақ талды өзен алқабының селдір көкті дөңесінде алқа-қотан отырған кісінің бірі. Қанатын қомдаған қаршығадай шәрта жүгінген ол қамшысын жерге тірей, өткір көзімен кең далаға қарады. Шығыста мұнарланып Қараобаның шоқығы, Қостанай жақта жалынған кұмайт, Қарсақпай жақта боз селеулі дөң көрінді оған. Өзеннің селдір талының түбіндегі тұсаған ат, жазылы түйе, топ-топ болып отырған шоғыр кісілер еді. Айнала көзімен шолып, ауыр күрсінді де:

— Дәурешбек, асықпа... Аттың тынышын алған бүгелек кешке кетеді. Біздің тынышымызды алған бүгелек қысы, жазы толастамайды. Тоқтап қашпа, топ жыйнала түссін. Мыңбасылар түгел ме?

— Әлгі төртеуінен басқасы түгел.

— Ендеше хабаршы жібер, мыңбасы, жүзбасылар түгел келсін де! Түс ауа сарбаз (әскер) түгел жыйналатын болсын.

Тоқтақ жалды торы атқа мініп, бұрыл сақалды қарт, топтан суырыла боз атты кісіге, жақындағанда оның соңынан екі жігіт қолдаса көтерген, қызыл ту шұбатыла желбіреді.

— Уа, қарағым Аманкелді, аманбысың жаным! — деп, — кеудесін кере, таманы керней сөйледі қарт. — Атқан танды өткен күнге ұсату ойлап айтқан-ның сөзі емес. Жаңа көрмесек жалған болар еді. Жан сүйсінерлік жаңалықты жалпы көрмей, жалқы көріп бір тарықтық. Жалынып күн көру-жандының арын төккен. Жағасын ұстағанға жалын түсіп бір қыйналдық. Ағайын деуші едік, аталас деуші едік. Атқа мініп, аты шықса, абройыңа ортақбыз деуші едік. Отпен судай бөлінген оның да орталығы бар екен. «Ұры-қары сабақтас, қожа-төре табақтас» деген сөздің шындығын күні туганда кезіміз көрді. Жалпылық міндет жарлығы түсіп, жанымыз бір қыйналды. Жүздің

ақылдысы, мыңның данасы бар деуші еді. Көп ел деп көмек күтіп, араласқанымыз ашына өрбес халқы еді. Көпті жамандаған көмусіз қалады. Халықты озбыр деп қандай көргенсіз тіл айта алады. Бірақ, мына патшаның озбырлығын көріп жанымыз және қыйналды. Кіші ауылдың болыс-биі, үлкен ауылдың ақ патшасы — бір сыбайлас залым екен. Мылтығы бар деп мүдіруге болмады, қарағым. Жау жағаласқанды — батыр, жалынғанды — қатын дейді. Осы ойға бекіткен дала.

Қарғалы, Қайдауыл, Ақкұм, Қызылжыңғыл, Торғай, Тосын, Қарсақпай, Қона түгел қозғалып осында жыйналдық.

Уа жарқыным, айналаңа қара!

Ер басына күн тұса-елге қарайды. Ел ерінің керегіне жарайды. Ал ел басына күн тұса, ері не демек? Жүк ауыры парға, ел ауыры — барғаның заманы өтті, Бүді ел өмірі — теңдік, теңдік кілті — ерлік деп халқын саған келді, көпке тоқтамыңды айт.

— Ел сөзі осы болса, туымыз — теңдік, талабымыз — ерлік, ел теңдігіне жан шид.

— Ендеше, жортқанда жолың, жолдасың елің болсын!

— Ал ендеше, алдық мына қырмызы қызыл туды қолға берік. Ел үшін, езілген халық үшін қас жауға қарсы шеру тарттық, аттаныңдар!

Өңгеріп келген бозқасқалар ат үстінен шалынды, ел дүрмегі ерінің соңынан қасқая шеру тартты.

Ертеңіне батыр әскерінен төрт топ бөліп, үш жүз кісіні Ырғыз жолына, үш жүз кісіні Қарсақпай жолына, бес жүздей адамды Торғай төңірегіне қалдырды да, қалған көпшілігін Тосын құмында тұруға бұйырды. Барлаушы топтарға хабаршы-қатынас жолдарын абай сақтау тапсырылды.

«Елбегілерге» (әскери өкметтің өкілдеріне) сарбазды байлардан көлікпендіру, жабдықтау, азықтандыру туралы бұйрық берілді.

— Батыр, сіз қайда боласыз?

— Мен екі жүз кісімен Татырда (Қостанай жолы) болам. Жағалау отряды сопымен келеді. Шіті мен бес

Аттардың, айбалта мен оқ шапқандың (әулемер) алғашқы айқасын өзім бастаймын деп, — осы жолды тасты.

Сентябрьдің аяқ шетінде, жол бақылаған барлаушылар, екі зеңбіректі екі жүз әскер Қостанайдан шыққанын хабарлады. Қостанай, Қармақшы, Ырғыз, Қарсақпаймен хабарласын тұру үшін сағаттық жолға бір сағат аттыдан қойылған еді. Сол сағат аттылар арқылы жазалау отрядының қайда қонып, қайда түстегені, қайдан су ішіп, қай жерде көлік шалдырғаны Аманкелдіге күн тәулікте бес рет хабарланып отырды. Келін қонған жерін ел жата хабарланған батыр, өзімен онақты мергенді бөліп алып, жол жағасындағы қалтарысқа жайғасты. Қалған жай құралдыларды қонының жарына жасырып қойып:

— Қарауыл жар басында отырсын. Мен баскиімді көтермей бір адам қозғалатын болмасын, — деп, тәртіп бұзғанға қатаң жаза қолданатынын ескертті.

Күн шетеріне мұздақ қаптаған мейреу даланың қоныр жағасын бөктерлеген көмескі жолының торабымен келе жатқан үш атты әскер арыстап ұясын аңдыған аңшыдай әдіспенен сөзіктеліп, баяу келе жатты. Олар жарты шақырым жақындап та қалды.

— Батыр, менің оным жететін жерге келді. Қарауылдыма қармақтай ілініп тұр. Алдыңғысын атып тастайын, — деді оң жағында жатқан Көйкі.



— Сен, осы аңтықпа мінезді қашан қоясын. Отіп кете берсін. Ана көрінген шоғырымен бір-ақ шайқасайық.

Олар ағаш лақтыратын жерге таяу келіп қалды. Қалтарыстағы бір сарбаздың мылтығы бұрық етө қалды. Жалғыз оқ жалбыр қара бөркін жүлпін әкетті. Жалт бұрылып кейін қаша жәшелген солдатқа орта жақтан қос мылтық үш шығарды да, елі кісі аттан ұшып-ұшып түсті. Келе жатқан топ кілт кідіріп, екі зеңбіректің үрейген тұмсығын далаға қарай ыңғайлай бастады. Жас сарбаз, тоқтаған жауды қашып барады деп, жар астынап бұйрықсыз-ақ лан қойды. Аманкелдінің жүгірткен адамы жеткенше онбестеген кісі оққа ұшты. Батыр таса жермен бытыралып мергендерін атысқа шығарды да, төрт сағат жауды бөгеді. Қаруын құрсаңған жау он жеті кісінің өлігін далада қалдыртып күн бата кейін қашты.

— Үндемейін десем қорымсың, өлтірейін десем досымсың, берген бұйрықты неге орындамадың? — деген құдретті үш сарбазды тұңғыйық ойға батырып жіберді.

— Білместіктің біріншісін кешерейін, енді қайталамасқа ант етелік, — десті жүздеген дауыс.

— Алғашқы ұрыс осылай аяқталды.



АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

Быйылғы май айында еліміз Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті, академик Қ. И. Сәтбаев жолдастың туғанына 50 жыл, ғылыми-қоғамдық қызметіне 25 жыл толуын мерекеледі.

Қаныш Сәтбаев — қазақ халқының арасынан шыққан тұңғыш ғылым докторы, сонымен қатар ол Орта Азия халықтары арасынан шыққан тұңғыш академик және Қазақ ССР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 апрельде Павлодар облысы Баянауыл ауданында туды.

Қаныш жас шағынан-ақ білім алуды арман етіп, оқуға талпынады. Ол еңәуелі ауылдық мектепте оқып, 1918 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірді. Ал 1925 жылы Томскідегі технологиялық институты тау-кен факультетінің геология бөлімін бітіріп, кен инженері болады.

Міне содан бері Сәтбаев жолдас Қазақстанның халық шаруашылығын, әсіресе ауыр өнеркәсібі мен ғылымын өркендету жолында үздіксіз аса зор еңбек етіп келеді. Сәтбаевтың терең зерттеуі, қажырлы еңбегі және тікелей басшылығы нәтижесінде республикамызда Қарсақпай, Жезқазған, Қарағанды, Балқаш, Шымкент тағы басқа өнеркәсіп орындары дамып өркендеді.


1941 жылы Қаныш геология-минерология ғылымдарының докторы деген дереже алды.

1943 жылы Жезқазған-Ұлытау кен байлығы жөнінде жазған күрделі ғылыми еңбегі үшін ол Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген атақ алды.

Совет оқымыстылары алдында беделі өскен қазақ халқының зор ғалымы Қаныш 1946 жылы ССРО Ғылым Академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Совет халқы өзінің сүйікті ұлы, ірі ғалымы Қ. Сәтбаевты ССРО Жоғарғы Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады. Совет үкметі оны екі Ленин орденімен және Отан соғысы орденімен наградтады.

Қазақ халқының аса зор ғалымы Қаныш Сәтбаев жолдастың оқу, өсу жолы бүкіл совет жастарына, әсіресе оның ішінде қазақ жастарына үлгі болуға тиіс. Қазақ жастары өзінің ғалым ағасы Қаныштан үлгі-өнеге алып, ғылымды Қанышша меңгеріп, Отанына, халқына Қанышша қажырлы еңбек етуге міндетті.



Г. ТОПАНОВ пен Л. ЧЕРЕНЦЕВ

Тұманның соңғы сілемі сөйілгенде, ақбас таулардың асқар шыңдары қараңғы түн әлемін жарып, бадырай көрінді. Ағаш шешегі әлі жаппрағын жазбағанымен, құстардың сұңқылы мен қалың қорықтан шыққан ызың-шу Тайғаның таңы атқанын хабарлағандай. Міне әлдеқайдан құрдың құрқылы да естіле бастады. Бұл кезде аламан қу бұтаққа шығып алып шыйқылдай түсті. Аулақтан аюдың қырылы да естіліп жатыр...

Бұл — Тайғаның ұйқыдан оянағаны еді.

Көп кідірмей-ақ арай күннің алтын нұры қапсағай құздардағы қыналы жақпар тастардың тасқындай құлаған ағымен шағылысты.

Осы кезде әлденеден сескентен құр ұшып келіп, ағаш бұтағына қонып, қанатын жая бергенде, бұтақ шайқалып кетті. Осы кезде ағаш жапынан бір ит жүгіріп шықты. Ол абалай үршіп, артына жалтақтай береді, соңынан келетін біреуді күтін тұрған сыяқты. Арт жақтағы шоқ ағаштан сыбдыр естілгенде, ит бұрынғысынан да өршелене үрді. Құр қанатын қомдап, енді ұша бермек болып еді, күтпеген жерден ауаны тіліп өткен садақтың юғы барып құрдың топшысына қадала кетті. Құс қанатын бір серіпті де, жерге жалп етті.

— Ақтөс, Ақтөс! Тиме! — деп ағаштың арасынан қолында ұзын садағы бар бір бала шыға келді.

Иесінің ыңғайын аңғарғыш Ақтөс құстың жапына келіп, оның үстіне аяғын салып үндемей жатты.

Бұл жасы 12лер шамасындағы бала еді. Үстінде бұғының терісінен жасалған бешбеті, белінде қайыс белбеуі бар, белбеуге өткізілген былғары қышпап пышақтың мүйіз сабы шығып тұр. Алшысынан киген бөркінен мақпалдай қара шашы көрінеді. Қыбығаштау біткен көздері өліп жатқан құсқа күлімдей қарап тұр.

Бала құрды жерден жең-жеңіл көтеріп алды. Ит оның аяғына оралып, олжадан көзіп айырмалы. Бала құстың денесінен садақтың жағын суырып алды да, басын бұрап құрды белбеуіне қыстыра салды. Соған кейін жас аңшы итіне;

— Сен қазір өзіңе қояп ұстап ал, — деді де, самырсын ағаштарының арасынан көрініп тұрған сұр жартасқа бет алды.

Бұл Аек деген бала еді. Ол таудың етегіндегі ауылдан 10 километр жердегі Тайғаның жапында тұратын. Баланың атасы Пиктор бір кезде атақты ер жүрек аңшылардың бірі болған. Қазір де ауылдың қарттары чатханның¹⁾ әсем үніне қосылып Пиктордың ерлігі жайында нелер тамаша жырлар айтады. Қарт аңшының таудан түскісі келмеді. Өзін бейне бір сонда байлап қойғандай, тайғаны қыйып тастап кете алмады.

1) Чатхан—хакас халқының музыкалық аспабы

2) Тах-эзи — жын-пері.

Қартайған кезінде ағаш арасындағы заңм қада орманшы болып қалып қойды.

Олар мұнда екеуі ғана тұрады. Аек шешесінің түрінің қандай екенінде білмейді. Ол баяғыда Аек есін білмейтін кезде қайтыс болыпты. Әкесі майданда, Москва қаласының батысындағы орыс орманының бірінде қаза тапты. Аек Москваны тек суреттен ғана біледі. Суретте кең көше, үлкен тас үйлер көрінеді. Көшеде келе жатқан көп адамның арасында заулап жүрген машиналар көзарттады. Пиктор қарт бұл суретті ауылдан алып келді. Жылы жүзді мейірбан адам—Сталиннің портретінің жапына, қабырғаға Аек қағып қойды.

Жалғыз аяқ жол қалың орманға бұрылатын еді, сол тұстан шайыр исі аңқып тұр. Аек қолып көлетей-мен алдына қарады. Жартасқа жақындап келіп қалған екен. Екі ойлы болып бір минуттей толқып тұрды да, итіне бір ысқырын қойып жартасқа қарай жүріп кетті. Бала Пюс өзенінің аңғарындағы бұл биік шақпар жартастарға бұрып келіп көрмеген еді. Ел жартастар туралы нелер қорқынышты ертегілер айтатын. Бұдан қырық жыл бұрын екі орыс осы жартасқа келіп, қайта оралмапты. «Жартасқа бармаңдар, онда тах-эзи²⁾ бар», десетіп шалдар. Қазір тах-эзиге шалдардан басқа ешкім сенбейді. Бірақ, сонда да жартасқа жақындаудан әр кім-ақ қорқатын.

Аек осы жартасқа баруды көптен ойлап жүретін. «Етті, әрі батыл аңшы жансыз жартастан қорықпас болар. Мен оған бірінші болып барамын. Сонда мені ел: «Аек қандай батыр жігіт, қарт Пиктордың нағыз өзіне тартқан немересі», деп мақтайтын болады», дейтіп ішінен.

Ол жартасқа жақындап келіп бір ағашты тасалап тұр еді. Осы ойдан соң ағаштың бұтағын кейін сырғып тастап, абайлап алға қарады. Қыя беттің етегінде мелшиіп тұрған үлкен сұр жартасты көрді. Аекті шақырғандай ағаштан асып жартастың алдындағы ашыққа жүгіріп шықты. Бала да ілгері қарай жүріп кетті. Жартасқа жеткен соң оған өрмелен шыға бастады. Қолы тиген жердің сүңгіленіп тұрған мүті төмен қарай езіліп түсіп жатыр. Өлде қайда бір жерден бүркіттің шаңқылдаған даусы естілді. Аек селке ете қалып, артына қарады. Жартастың бір саласына қаз-қатар самырсын ағаш өсіпті. Бала бітік өскен ағаштың түбіндегі шөптесін сазды аңадайдан айналып жүрді. Аек тез қыялап жоғары көтеріліп барады.

Бұлар үш жапынан бірдей салбырған биік жартастар көрінетін ашық жазық жерге келді. Қәдімгі жартастар. Мұндай жартастар бұл жердің кез келген жерінен кездеседі. Тақта тах-эзидің өзі түгіл ізі де көрінбейді.

— Эй... й-ден айқайлады бала:

Жартастардан жаңғырыққан сондай дауыс естілді. Ақтөс те қуаныш үрін алды. Бала жарқабаққа келді.

Бұл жерден жан-жақтағы биіктер, аққарлы Алатау, ауыл, колхоздың бетте жыйналып жүрген көп малдары түгел көрініп тұр. Жыландай преледен бұлақ ағып жатыр. Ол алыстап барып жалпақ өзен Пюске кұяды. Ондаған километр төңіректен ашық дала көкпенбек болып көрінеді. Қорғандардың жанынан қарақошқыл түтіні будақтап посздар өтіп жатыр.

Аек үлкен бір тасты алып төмен қарай домалатып жіберді. Дөңгелеп бара жатып сылған тастың сынықтары жартастарға соғылып салдыр-күлдір есіп жөк болды. Соған кейін тағы да мүлгіген тыныштық орнады. Тек алыстан кұстардың шыңылықтап естілген әлсіз үні ғана тау тыныштығын аздап бұзып тұр.

— Мен жартаста елдің бәрінен бұрын шықтым. Мен ең күшті батырмын, — деп айғалады Аек.

— Мен ең күшті батырмын, — деп қайталады жаңғырық.

«Өттегене, менің ешнәрседен қорықпай мұнда келіп тұрғанымды ауылдан ешкім көрмеді-ау, — деп ойлады Аек. — Мен ешкімнен де қорықпаймын».

Өзінің сүйікті оқушысын қырағы мұғалім Сақым да көре алмай қалды. Қайдан көрсін, ауыл мен жартастың арасы талай жер. Бала жан-жағындағы қарлы биіктерге тағы бір рет қарап көз салды да, қабақтан кейін кері қайтты. Ол жерден бір үшкір тас тауып алды. Сонымен қорқынышты жартаста елден бұрын қорықпай келген өзінің атын жазбақ болды.

Ашақ құмның үстінде жылтыл-далал бір нәрсе оның көзіне түсті. Жақындал келіп қараса, арасында алтындай жарқыраған жолағы бар тас екен. Аек тасты қолына алып сиған та көрді. Жартастың түбінен тағы да сондай бірнеше тастың сынығын көрді. Аек соның ішінен жарқыраған біреуін еңкейіп ала беріп еді, кенеттен Ақтөстің қатты шабаллаған даусы естілді. Тасты қолына алып, бір қолына пышағын ұстап ентен басып Ақтөс үрін тұрған жыраға қарай жүрді. Ит қатты абалап үрін, күйрегінін бұтына қысып алып, пештің арасында анарып жатқан адамның қаңқа сүйегіне жақындала барады.

— Ақтөс, бері кел! — деп айғайлап, Аек кейін қарай шегіне жөнелді. Алды артына қарамай қарсы келген тастардан қарғып өтіп, қалың ағаштың арасымен бұталардан секіріп жүгіріп келеді.

Аек жүгірген бойы жалғыз аяқ жолға жеткенде бірақ тоқтады. Ақтөс те артынан үрген бойы ұшып келеді. Ол жүгіріп келіп иесінің аяғына оралды, қуанғаннан күйрегінін бұлғандатып қыңсылады. Аек жартастап көзін алмай маңдайынан шып-шып шыққан

теріп сұртты. Садағын ийығына дұрыстап асынды, тауып алған тасына қарады. «Атама көрсетейін» деп ойлап, үйіне қарай жүгіре жөнелді. Ақтөс иесінің алдына түсіп, оны аңда-саңда тоқтап тосып алып отырды. Аек жанына келгенде басын бір шайқап тағы да ілгері қарай жүгіре жөнеледі.

Қатты жүргеннен терлеп-тепшіген Аек замқаға келгенде атасы есіктің топсасын майлап отыр еді. Пеште от лаулап жанып, қазандағы ас қайнап, ерпеуінен тасып шығып жатыр екен.

— Ата, — деп айғай салды Аек есіктен кірер-кірместен, — мынаны кара! Атасына қолындағы тасты ұсынды.

Пиктор сынық тасты аударып-төңкеріп қарап, алақанына салып салмақтап көрді. Соған кейін темекі тартып отырған трушкасын аузынан алып немересіне қарады.

— Бұл не? — деді Аек.

— Алтын! — деді атасы, — Қайдан таптың?

— Ашау жақтап, — деп Аек қолын сілтеді. — Тах-эзи жартасынан. Сол жерде бір адамның сүйегі де жатыр, — деді ол көтеріле сөйлеп.

— Аек, сен нағыз ержүрек батыр боласың, — деді атасы баяу сөйлеп. — Сен жартаста болдың ба? Ол жерге баруға үлкендердің өзінде қорқады.

Аек атасының сөзін шаттана тыңдады. Қалай шаттанбасын! Оны қарт Пиктордың өзі мақтап отыр.

— Саған мылтық сатып әперу керек екен, — деді атасы сөзін жалғап. — Сен мылтық әперуге тұратын баласың.

— Ата, алтынды сатайық та ақшасына жақсы мылтық сатып алайық, — деді Аек.

Атасы үндемеді, пештің отын көсеп, соған кейін бөтін немересіне бұрды.

— Балам, бақытыңды жерден еңбексіз теріп алуға әуестенбе. Олай әуестену — жамандардың қылығы. Еңбекпен, аңы термен тапқан бақыт қана тәтті болады.

— Жұрт даладан алтын іздеп табады және сонымен күн елтеді емес пе? — деп қарсылық білдірді немересі.

— Олар алтын іздейді. Сол іздеудің өзі — еңбек. Сен алтынды іздеген жөксың. Күтпеген жерден кездесіп, тауып алдың. Ондай тапқан алтын адамға бақыт тауып бермейді.

Екеуі де үндеген жөк. Атасы қазанды оттан түсіріп, немересіне ас кұйып қойды.

— Сол жерге баралық, — деді ол соған кейін. — Алтын тауып алған жеріңді маған көрсет.

Бұлар жартаста жеткенде тал түс болды. Дәл төбе-



ге жеткен күннің ыстық лебі жартастарды қатты қыздырып тұрды.

— Мына жерден таптым, — дейді Аек.

Циклор қарт алтын табылған жар тастың етегін әбден анықтап қарап бір аздан кейін басын жөтерді. Соған соң адамның сүйегі жатқан жерге қарай жүрді.

Көп жылғы жауып мен соққан жел сүйекті мұжып қуартып тастапты. Оның үстіне сүйекті құс шоқып, жыртқыш аңдар көмірген болу керек. Сүйектің жаынан тоғ басып тозған тапанша мылтық табылды. Аек атасының бетінен көз алмай қараумен болды.

— Бұлар екеу болу керек еді, — деді атасы, — мен бұл адамдарды жақсы білемін. Ол жыраны жағалап төмен қарай беттеді.

Бала атасының соңынан үнсіз еріп отырды. Жарқабақтың жаына жақындағанда олар тағы бір адамның қаңқасына көздесті.

— Ата! — деп Аек жерден іші алтынға толы шіріген былғары дорбаны көтеріп алды.

— Аек, көрдің бе? Жаман адамдарға байлықтың қандай бақыт әпергенін. Мынау, — деді ол қаңқа жаққа иегіп қағып, — аның алтынын алу үшін өлтірген. Ал, ол өлер алдында мұны атқан.

— Ата, бұл жерден кетелік, — деді немересі.

Олар жарқабақтың жағасына отырды. Атасы трупкасына темекі салып, тұтатты да тарта бастады. Темекінің түтіні бұлт сыяқты шудаланып аспанға көтеріліп кетіп жатты.

— Баяғыда, сен онда туғанда жоқ болатынсың, — деп бастады әңгімесін атасы. — Елдің бәрі байларға жұмыс істейтін. Осы маңда бір адам болды. Атын Иванский дейтін еді.

Атасы көзін сығырайтып аспанға қарады. Трупкасын бірнеше рет сорып, түтінін будақтатып әңгімесін соза берді.

— Ел оған алтын әкелетін. Ол алтынды алып, елге арақ беретін. Алтын — қазір біздің халықтың

дәулеті. Алтынның құнына қазір жаңа ауылдар салынады. Өзендер бөгеліп, электр станциялары орнатылады. Электрдің алтын шұғыласы, нажағайдай жапын қараңғы түнді күндізгідей жарқыратып нұр шұғыласына бөлейді.

Атасы Аек тапқан күйме алтынды дорбаға салып, қалтасына тықты. Атасы мен немересі жартасты бірнеше сағат бойы аралап, алтын шығатын көптеген есектерді анықтады. Екеуі үйге қайтқанда коленке басын ұзартып, күн батып бара жатты. Алыстағы қарлы шыңдар қарауытып қоңыр көштің мүлгіген үнсіз құшағына өнді.

Атасы немересін атқа мінізді. Аек маңағы тапқан алтындарды алып қыя белдерді кесе ауылға шаба көшелді. Қарт аңшы шауып бара жатқан немересінің соңынан көз алмай қарап тұр. Елден жырақ жүретін орман арасындағы жалғыздық өнді аяқталды. Мұнда күні ертең машинамен қолдарына қайда ұстаған көңілді жігіттер келеді. Тайға іші өзіне бұрын таппас емес үндерге толады деп, ойлады қарт.

Тау сағасын түп қараңғылығының қалың қара пердесі жапты. Тұман тау басынан түсіп бөктерге көліп қонақтап жатыр. Өлде қайда алыстан үмінің әу пілдеген даусы естіледі. Тоғай арасынан көкжал бөрінің отты көздері жылт-жылт өтеді.

Тайға дауымы алдындағы күндей тыныш тұр. Оның тыныштық қалпын жалғыз аяқ тау жолына тасырлап басылған ат тұяғының даусы ғана аздан бұзуда. Бала қойнындағы алтын салған былғары дорбаны бір сыйлап алып, атын қамшылай түседі.

Міне жел соқты, зәулім самырсын ағантары шайқала бастады. Қу бұтақтар аттың тұяғының астына басылып бытырлап сынып жатыр. Төменде қалың орманның арасында ауылдың жылт-жылт жанған оты көрінеді, иттердің алыстан абалап үрген даусы естіледі.

Аударған Ә. ТЕЗЕКБАЕВ.



КОМСОМОЛДЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Х. ДОСПАНОВА,

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары.

БЛКЖО XI съезі комсомолдың мектептегі жұмысы жөнінде мәселе қарап, нақтылы қаулылар қабылдады. Съезд қаулылары мектептегі комсомол ұйымдарының алдына толып жатқан жаңа міндеттер қойды.

Совет мемлекетінің алдында барлық жұмысшылар мен шаруаларды мәдениетті және білімді ету, коммунистік қоғамның саналы және белсенді құрылысшыларын — барлық жағынан хабары бар жаңа кадрлар дайындап шығару міндеті тұр. Бұл міндетті шешуде совет мектебі аса маңызды роль атқарды.

Совет мектебі коммунизмнің миллиондаған құрылысшыларын тәрбиелеудің аса маңызды саласы. Еліміздің бүкіл өсіп келе жатқан жас ұрпағы мектепте тәрбиеленіп, білім алады. Совет мектебі қалың бұқараға білім беруде және оларды коммунистік рухта тәрбиелеуде күшті құрал болып отыр.

Елімізде балаларды жолшай міндетті оқыту ісі жүзеге асырылды. Мектептердің, олардағы оқушылардың саны үздіксіз өсіп келеді. Алдымыздағы оқу жылында бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерде 33,9 миллион адам оқыды. Мектептер үшін 174 миллионнан астам оқу құралдары шығарылды, совет үкметінің 1949 жылға халық ағарту ісіне босатып отырған қаржы 60 миллиард сомнан асады. Үстіміздегі жылы еліміз барлық жерде жолшай міндетті түрде жеті жылдық білім алу шарасын жүзеге асыруға кірісті.

Большевиктік партияның, Совет үкметінің, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың аталық қамқорлығы арқасында мектептеріміз өсіп келе жатқан ұрпақтарды оқытуда және тәрбиелеуде аса зор табыстарға жетті. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстары жақсартылды. Оқытудың идея және ғылыми-теориялық дәрежесі артты. Оқушылар барған сайын білімді жете және терең үйреніп келеді. Комсомолецтер мен пионерлер білімге және тәртіпке саналылықпен қараудың үлгісін көрсетуде. Көптеген мектептерде оқушы комсомолецтер мен пионерлердің арасында сабақты үлгермеушілер жоқ, олардың көпшілігі тек жақсы және өте жақсы оқиды. Мектепті алтын және күміс медальдармен бітіргендердің бәрі дерлігі комсомолецтер. Мысалы, өткен оқу жылында Қазақстанда орта мектепті 261 адам алтын және күміс медальмен бітірген болса, оның 228 комсомолец, ал үстіміздегі оқу жылының алғашқы жартысын 6.513 комсомолец кілең жақсы және өте жақсы деген бағалармен аяқтады.

Комсомолецтердің инициативасы бойынша, мектептерде әр пәнге арналған үйірмелер құрылып отыр. Левциялар, бітап оқушылардың конференциялары,

айтыстар, экскурсиялар, техникалық-творчестволық байқаулар, жас физиктердің, математиктердің, химиктердің конкурстары ұйымдастырылуда.

Әйтседе, мектептегі комсомол жұмысында елеулі кемшіліктер де бар екені XI съезде сөз болды. Бізде оқушылардың білімді жете және терең үйренуі үшін, тәртіпті нығайту үшін жөнді күреспейтін комсомол ұйымдары да бар. Кейбір оқушылардың мұғалімдер тапсырмаларын орындамайтыны, сабаққа нашар даярлануы, сабақ уақытында бір оқушының екінші оқушыға сыбырлап айтып отыруы сыяқты мектеп өміріндегі жарамсыз әдеттерге комсомол ұйымдары көбіне назар аудармайды. Мектептерімізде бір класта екі жыл қалып қоюшылық бар.

Кейбір мектептердегі комсомол ұйымдарының жұмысында формализм жойылмай келеді. Оқушылардың білім алу сапасын арттыруда мұғалімдерге күнделікті көмектесіп отырудың орнына, көп жағдайларда кісі жалығатын көп жыйналыстар өткізіледі. Ал, олар үшін оқушылардың көп уақыты пайдасыз босқа кетеді.

Көп мектептерде оқушыларға, әсіресе комсомол және пионер активтеріне орынсыз міндеттер жүктеу, түрлі қоғамдық және басқа оқуға жатпайтын жұмыстар тапсыру әдеттері бар.

БК(б)П Орталық Комитеті өзінің «Мектеп оқушыларына көпшілік қоғам және оқудан тысқы жұмыстарды көп тапсыруды болдырмау шаралары туралы» қаулысында бұл кемшіліктердің бетін ашып берді. Бұл қаулы: мектеп өміріндегі ең басты нәрсе—оқу процесі, бұл басты міндетке оқудан сыртқарғы барлық жұмыс бағындырылуы тиіс екенін және мектептегі қоғамдық жұмыс оқушылардың ғылым негіздерін ойдағыдай меңгерулеріне, оларды ұйымшылдық, белсенділік, коллективтік сезімділікке тәрбиелеуге көмектесуі тиіс екендігін атап көрсетті.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер пионер ұйымының жұмыстарында да кездеседі. Пионер ұйымының көптеген жұмыстары әлі де болса мектеп оқушыларының тілектері мен мүдделерін қамтамасыз ете алмайды. Пионерлермен жұмыс істеуде педагогикалық талаптар, балалардың жас ерекшеліктері, мүдделері толық есепке алынбай келеді. Кейде пионер ұйымдары пионерлер мен мектеп оқушыларын ұйымшыл және тәртіпті болуға нашар баулайды. Кейбір дружиналар мен отрядтарда жұмыс қызғылықсыз, көңілсіз өтеді.

Мектептегі комсомол және пионер ұйымдарының

жұмыстарындағы осы күнге дейін болып келген осы кемшіліктер мен қателіктерді жою және оларды бұдан былай болдырмау мақсатымен БЛКЖОның XI съезі комсомолдың мектептегі жұмысы жөнінде қарар қабылдап, бұл қарарларда комсомолдың мектептегі жұмысы жөнінде нақтылы шараларды белгілеп берді.

БЛКЖОның XI съезі мектептегі комсомол ұйымдарының қызметі мектептің оқу-тәрбиелік міндеттеріне бағындырылуы тиіс екендігін атап көрсетті. Мектеп комсомол ұйымдары оқушылардың сабаққа жақсы әзірленуін, үйге берген тапсырмаларды ойдағыдай орындап келуін қамтамасыз етуде директорларға, мұғалімдерге, класс жетекшілеріне көмектесуге міндетті.

Сол сияқты пионер ұйымының жұмысы да мектептердің оқу-тәрбиелік міндеттеріне бүтіндей бағынатын, оқушылардың жақсы оқуына, балалардың жақсы демалуларына көмектесетін болуы керек. Пионер звеноларында, отрядтар мен дружиналарында жұмысты пионерлердің өздерінің белсенді қатысуымен жүргізіп, олардың инициативасын барынша арттыру қажет.

Комсомолдың міндеті — пионер ұйымына басшылық етуді бұдан былай да барынша күшейту, пионер ұйымы жұмысын жақсарту беру болып табылады.

Пионер ұйымы жұмысының табысты болуы ең алдымен пионер вожатыйларына байланысты. Сондықтан басшы комсомол орындары пионерлер вожатыйларын іріктеп алу, даярлау және тәрбиелеу жұмысын жақсарту керек. Пионер вожатыйларына күнделікті назар аударып, қамқорлық жасап, оларға барынша көмек көрсетіп отыруы қажет, комсомолецтер мен пионерлерді вожатыйдың жұмысын құрметтеуге баулуы тиіс.

Оқушыларды оқытуда және тәрбиелеуде мұғалім басты роль атқарады. Олай болса мұғалімнің беделін барынша арттыру және оның барлық игілікті істеріне көмек көрсетіп отыру — комсомолдың ең маңызды міндеті. Комсомол мектеп оқушыларын мұғалімді құрметтеуге баулуы тиіс. Сонымен бірге әрбір оқушы сабақ үстінде дұрыс отыруға, мұғалімнің талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті. Бұл әрбір оқушы бала үшін бұлжымас заң. Бұл заңды қазіргі кезде, жазғы сынақ пен емтиханға дайындықтың қызу жүріп

жатқан кезінде, бұлжытпай орындап отыру керек.

Мектептегі комсомол ұйымының басты міндеттерінің бірі—жастарымызды советтік патриотизм рухында, табанды, жігерлі, ержүрек болуға, Ленин—Сталин ісіне шексіз берілгендік рухында тәрбиелеу болып табылады.

Оқушы жастар қоғамдық-пайдалы еңбекке: мектептің оқу кабинеттерін жабықтауға, мектепті және колхозшылардың үйлерін радиоландыру, электрлендіру, мектеп маңындағы учаскелерде жұмыс істеуге белсенді түрде қатысатын болуға тиіс.

Әңгіме, әдебиеттік оқулар, үйірме сабақтары, жыйын өткізу барлығы да негізінен бір мақсатқа—балалардың жақсы оқуына, олардың мектептен алған білімін кеңейту, тереңдету, толықтыру мақсатына бағытталуға тиіс.

Комсомол ұйымдары мектептегі өз жұмыстарын балалардың мүддесіне сай, олардың ой-өрісін кеңітетіндей, мәдени және саяси білім дәрежесін көтеретіндей етіп жүргізуі қажет. Балаларды совет ғылымы мен техникасында болып жатқан жаңалықтармен таныстырып, олардың еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыра түсу керек.

Мектептердегі жас натуралистердің жұмысын жақсы жолға қойып, олардың ағаш отырғызу, бау-бақша егу, т. б. істерге белсене қатысуы қамтамасыз етілсін.

Сол сияқты мектептен тыс балалар мекемелерінің: пионер үйлері мен пионер сарайларының жас техниктер, натуралистер станцияларының жұмысы бұдан да жақсара түсуге тиіс.

Пионер ұйымы ұлы Лениннің есімімен аталады. Комсомол мектеп оқушылары мен пионерлерді Ленин өсиеттеріне берілгендік, Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын болу рухында тәрбиелеуге қолынан келгенінің бәрін де істеуге міндетті. БЛКЖОның XI съезі комсомолецтер мен жастарды, мектеп оқушылары мен пионерлерді ғылым мен білімді қажырлылықпен меңгере беруге, коммунистік қоғам құрылышылары болуға дайындалуға шақырды. Съезд совет жастарын өздерінің ең жақын досы, ұстазы, дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан көсемі Носиф Виссарионович Сталин жолдарының төңірегіне берік топтала түсуге үндеді.



СУРЕТТЕ: Талғар орта мектебінің IV-классында оқушы Қыйсықов Жантай (оң жақтағы) мен Адамбеков Еркіннің жас ағашты суарып жүрген кезі. Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

КОМСОМОЛ — ПИОНЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

Бүкілодақтық Ленинишіл Коммунист Жастар Одағының XI съезі комсомол өмірінің заңына — уставына өзгерістер енгізіп, қосымшалар қосты. Съезде уставқа енгізілген өзгерістер туралы баяндаманы БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Иванов жолдас жасады.

Комсомолдың бұған дейін қолданылып келген уставы 1936 жылы X съезде қабылданған болатын. Содан бергі 13 жылдың ішінде Ленин — Сталин комсомолы партияның басшылығымен үздіксіз өсіп, нығая түсті, совет жастарының қуатты, көпшілік ұйымына айналды. Қазір комсомол қатарында 9 миллионнан астам мүше бар.

Комсомол өткен уақытта өзінің жұмыс тәжірибелерін байытты. Жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде партия алға қойған айбынды міндеттерді жүзеге асыра отырып, өзінің жұмыс әдістерін, ұйымдасу түрлерін жақсартты. Міне, осыларға байланысты уставқа өзгерістер енгізіп, қосымшалар қосу керек болды. Пионерлер, бұл өзгерістер мен қосымшаларды жақсы біліп алыңдар.

Большевиктік партия, кеменгер көсеміміз, сүйікті туған әкеміз Сталин жолдас комсомолға ұдайы аталық қамқорлық жасап, басшылық етіп отырады. Сталин әкеміз комсомолға жас ұрпақтарды Отанды шексіз сүйіп, халық игілігі үшін аялбай қызмет істеу рухында тәрбиелеуді, қажымас қайратты, қыйыншылықтан қашпайтын батыл, ержүрек адал етіп тәрбиелеуді тыңбай үйретіп отырады. Міне, бұл талаптар комсомолдың уставына енгізілді.

Қазіргі уақытта комсомол қатарының ауызбірлігі күшті. Әрбір мәселені белсенді, ұйымшылықпен шешеді. Осы себепті, түрлі талап мәселелерді шешу үшін төтенше съездер мен конференциялар шақыру жөнінде уставқа жазудың енді қажеті болмай қалды. Бұл жөнінде уставта бұрын жазылып келген пункт алынып тасталды.

Жастар көпшілігімен комсомолдың байланысын күшейтуді және орталау, орта мектептердегі, еңбек резерві оқу орындарындағы оқушы жастар арасында комсомолдың ықпалын арттыруды көздеп, БЛКЖО Орталық Комитеті 1942 жылы комсомол қатарына жастарды 14 жастан бастап қабылдау туралы қаулы алған болатын. 14 жастағы жастарға берілген бұл право іс жүзінде өзін толық ақтады. Енді бұл право уставқа енгізіліп отыр.

Бұған дейін қолданылып келген устав бойынша комсомолға мүшелікке өтуге әзірлігі жеткіліксіз жастар 6 ай кандидаттық стажбен алынатын.

Қазіргі уақытта жас өспірімдердің мәдени бейнесі мүлде басқаша. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш

оқудың жүзеге асуына байланысты елімізде сауатты, ой өрісі кең жас ұрпақтар өсіп келуде. Міне, осы жағдайды ескеріп, XI съезд комсомол қатарына кандидаттық стажбен алуды жойды.

Уставқа комсомол мүшелерінің праволары мен міндеттері жөнінде қосымшалар енгізілді. Бұл қосымшалар комсомол мүшелерінің белсенділігін арттыра беруге, олардың ұйым алдындағы жауапкершілігін күшейтуге жәрдемдеседі, ұйымда сын мен өзара сынның күшейе беруіне көмектеседі.

Большевиктік партия комсомолға елімізде мемлекеттік және шаруашылық жұмыстардың барлық саласына да белсенді қатысу правосын берді. Бұл правоны кеңінен пайдалана отырып, комсомол партияның сенімді көмекшісі болып алды. Осы себепті қазіргі уақытта комсомолдың кәсіпшілер одағында, совет ұйымдарында тағы басқа орындарда арнаулы өкілдерінің болуы қажет болмай қалды. Бұл жөнінде уставта бұрын жазылып келген тарау алынып тасталды.

XI съезд БЛКЖО уставына пионер ұйымы туралы жаңа тарау енгізді. Онда комсомолдың пионер ұйымына басшылық ететіні, пионер ұйымдарының міндеттері жөнінде айтылған.

Пионер ұйымдары комсомолдың X және XI съездері аралығында өлеуір өсіп, нығайды. Қазір елімізде пионер ұйымының қатарында 13 миллионнан артық пионер бар. Мектептердің көпшілігінде пионер отрядтары мен дружиналары жұмыс істейді.

Пионер ұйымдары пионерлер мен мектеп оқушыларын Отанды, еңбекті сүйу рухында тәрбиелейді, қажымай-талмай білім алуға, саналы тәртіптілікке, үлкенді сыйлауға үйретеді. Әрбір пионер мектептерде, үйде де үлгілі, өнегелі болуға тиіс.

Комсомол ұйымдары пионер отрядтары мен дружиналары жұмыстарына күнбе-күн басшылық етеді, пионер лагерлерінің, пионер сарайлары мен үйлерінің, спорт алаңдары мен театрларының, балалардың техникалық және туристік станцияларының тағы басқаларының жұмыстары жөнінде қамқорлық істейді.

XI съезд БЛКЖО уставын осылар сыяқты маңызды өзгерістермен, қосымшалармен қабылдады. Бұлар жаңа жағдайда, комсомолдың алдында тұрған жаңа міндеттерді сыпаттайды.

Съезде уставтағы өзгерістер туралы баяндама бойынша жарыс сөзге пығып сөйлеген делегаттардың бәрі де уставқа енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды толық қуаттады. Съезд өзгертілген жаңа уставты бірауыздан қабылдады.

Б. Ордабаев,
БЛКЖО XI съезінің делегаты.



Мұхтар Омарханұлы ӘУЕЗОВ өзінің жұмыс кабинетінде.

Суретті түсірген П. РЕДЬКО

ТАМАША КІТАП

Біздің елімізде ғылым мен техниканың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, әдебиет пен көркемөнер қайраткерлерінің озат, үздік еңбегін жоғары бағалап, жыл сайын Сталиндік сыйлықтар беріп отыру салтанатты дәстүрге айналды.

Жуырда ССРО Министрлер Советі 1948 жылы жарияланған үздік еңбектер үшін Сталиндік сыйлықтар беру туралы қаулы алды. Соның ішінде республикамыздың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезовқа өздеріке таныс «Абай» романы үшін 1-дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді.

Мұхтар біздің тілшімізбен әңгімелескенде, «Абай» романы және өзінің жазушылық жоспары туралы тілшінің мына төмендегі сұрақтарына жауап берді.

Тілші: «Абай» романын жазуға қалай әзірлендісіз!

М. Әуезов: «Абай» жөнінде кітап жазу үшін мен жас шағымнан, студент кезімнен бастап көптеген тарихи материалдар жыйнадым. Жазушы ретінде Абайдың өз еңбектері мен өмірін тексердім. Бұл тексеру менің

қолыма көп материал берді.

Жазушы өмірді тереңдей зерттеп, жақсы білуі керек. Жазушының қолында жеткілікті мағлұмат, материал

болмайынша, толық піскен, жақсы шығарма жазылуы мүмкін емес. Сондықтан «Абайды» жазғанда басқа шығармаларымнан да көбірек іздегендігімнің себебі осы.

Мен ол жыйналған материалдардың ішінен Абайды жарқынырақ көрсететін таңдаулыларын ғана іріктеп, теріп алдым. Жазушы жете ойланып, тоқсан толғаннан кейін сыртқа тешкен, көмегіне келген ойды жазуға кірісуі керек. Бұл жөнінде ұлы жазушы М. Горькийдің «Айтпасқа дажың жоқ нәрсені ғана жаз» деген сөзі еріксіз еске түседі. Академик Тарлеңнің ай-



туынша, кітапты жазып болып, ақырғы бетін жапқанында, сондай тағы бір кітап жазарлық мүмкіншілігін болу керек. Бұл жайды мен жастарға ескерту ретінде айтып отырмын.

Тілші: «Абай» романы қалай басталды?

М. Әуезов: 1937 жылы орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің туғанына 100 жыл толған еді. Ол мерекенің жазуға ойланған тақырыбым үшін маңызы өте зор болатын. Өйткені Абай өзінің ақындығы жолында Пушкинді ұстазы тұтқан, халық мұңын жоқтауды содан үйрене отырып, осындай ұлы ақындар қатарына қосылған. Сол мереке хұрметіне мен жазушылық дағдыдан тыс, романның соңғы — «Татьянаның сахарадағы әні» деген тарауын жаздым. Бұл — романның хабаршысы еді.

Романды жазғанда әдебиет тарихын зерттеуші ретінде ғылыми ұғым тілімен, ал жазушы ретінде роман, бейне тілінде жазуым керек еді. Бұл екі тілдің екеуі қабыса келе, бір мақсатты көздеген еді. Ол—Абайды, Абайдың дәуірін толық көрсету болатын. Абай — бүгінгі күннің үлкен көмекшісі, өйткені ол бізге өз дәуірін сынап, ашып көрсетіп береді.

Жас жеткіншектер шығармадағы бейнені ұғына оқуы керек. Сол бейненің айналасында көп сыншы ұғым бар екенін түсінуге болады.

Бірінші кітаптан екіншісі тез жазылды. Оған көмекші болған ақын Абайдың өз еңбектері. Бірінші кітап Абайдың адам ретінде өсуін көрсетсе, екінші кітап оның ақын ретінде қалыптасуын суреттейді.

Тілші: «Абай» романының түпкі мақсаты не еді?

М. Әуезов: Абайдың тартыс үстінде өсіп, қыр өмірінің шеңберін аттап, орыс мәдениетіне, прогреске дара

соқпақ салғанын көрсету еді. Данышпан Абайдың бейнесі арқылы тарихи тағдырлары қосылған екі елдің — ұлы орыс халқы мен қазақ халқының достығын, ол достықтың қадамы игілікті, болашағы жарқын екенін Абайдың жақсы түсінгенін суреттеу — романның түпкі мақсаты болатын. Осы тұрғыдан романның ақырғы тарауы — «Татьянаның сахарадағы әні» жазылды. Романның түйіні осында.

Тілші: Алдағы уақытта қандай шығармалар жазбақсыз?

М. Әуезов: Мен қазір «Ақындар ағасы» деген шартты атпен жаңа кітап жазып жүрмін. Бұл кітапта «Абай» өмірінің соңғы 11 жыл қамтылады. Мұнда мен ойны, ақындық мектебінің жетекшісі болған Абайды көрсеткішіміз. Ол Абай — орыс мәдениетінің өз сахарасындағы өкілі, адамгершілі, алысушы қайраткер. Бұл жөнінде Абай көпке көп мұра береді. Роман Абайдың өлімімен аяқталады. Өзінің жолын және мүддесін, бар тағдырын еңбек елімен бірге қосқан Абай, сол еңбек елінің жүрегінде олмес орын алады. Бұл романды былай аяқтамақпын.

Бұл — қазақ халқының жүз жылдық, соңғы бір ғасыр өмірін баяндайтын жеті романымың үшінші кітабы. Қалған төрт кітап совет дәуіріне арналады.

Жас ұрпаққа — пионерлер мен оқушыларға айтатын кеңесім: «Халықтың өткен тарихын терең зерттеп, жақсы білетін болыңдар, ол үшін көп оқыңдар. Өйткені «өткенді білмейінше, бүгінгі күннің мәнін және келешектің мақсатын түсіну мүмкін емес» (М. Горький).



ОҚУШЫНЫҢ ОЙЫ

(«Абай» романы туралы)

«Қараңғы қазақ көгіне»
Нұрын шашқан ақылдың,
Жырына кім сүйсінбес
Абай сынды ақынның?!

Оқысам деп, білсем деп
Абайдың сырын құмарттым.
Көп іздемей сол сырды
Бір кітаптан мен таптым.

Инженердей кен қазған
Ақтарып сонау ғасырды,
Мұхтар ағай жазыпты
Теріп сөзден асылды.

Өксімен өткен даланың
Сыры маған ашылды.
Алысып өткен дананың
Сыры маған ашылды...

Өнерлі жаңа заманда
Ұрпақтарын Абайдың
Мұхтар ағай жазуын —
Көппен бірге қалаймын.

М. БАҚЫБАЕВА.

Семей облысы, Абай ауданы,
Абай орта мектебі.



ЖАҚАННЫҢ АРМАНЫ

Қ. МҰҚЫШҰЛЫ

Мектеп жасына дейінгі
балалар мен төменгі
класс оқушылары үшін

I—БӨЛІМ.

Жақанның жетіде жасы
Көзі мөп-мөлдір қап-қара.
Иіліп біткен сәнді қасы
Туған айдай жап-жаңа.

Мінезі де өте қызық,
Берілгіш сезімге тез.
Әр алуан қыялға жүзіп,
Кейде ұзақ күн айтпайды сөз.

Бір күні тақтайды жонып,
Бір түрлі машина істеді.
Қашан жасағанша болып,
Жөнді тамақ та ішпеді.

Әрі көкте, әрі жерде де
Ұшып, жүре де білетін.
Егер кездесе, теңізде де
Еркін жүзе де білетін.

Су жұқпастай, дөңгелегін
Жасыл бояумен бояды.
Басқада о жер, бұ жерін
Түгел болуға таяды.

Орнатып мотормен қанат,
Ұшатын самолет етті.
Ойы: сайрандап аралап
Шығу бүкіл жер мен көкті.

Сұлулап, сәндеп, тегістеп
Бітірді, барлық кем жерін.
Көп шаршаған соң іс істеп,
Тысқа шықты, алмақ боп демін.

Қолы бос уақытта кейде
Бар еді ойнайтын досы.
Көп отырып қалса үйде,
Сағынғандай болып осы.

Өзінше бір тілмен шақырып
Маңынан үйдің іздейтін.
Қас қарайғанша бақырып,
Күдерін ешбір үзбейтін.

Ол әтеш еді жап-жас қапа
Қызық көретін ермегі.
Құрақ көрпедей шұбар ала,
Унаған білем сол тегі.

Апасы берген наннан тастап
Шақырса-ақ шип-шип деп, болды.
Әуелі ірісінен бастап
Ұсағын да ол жеп болды.

Ол сондай әтеш! Шандатып
Жерді тырнап тепкілейді,

Қора ішінде қалған жатып
Жарты дәнді де тауып жейді.

Өзі қорқақтау да еді, бірақ,
Көрсек-ақ қарақұс, күшіген.
Ойбайлайтын кеп шырқырап,
Қашып сарайдың ішімен.

Ал, Жақан тұрса, серігіп
Иттен де хауіптенбейтін
Жас әтештерге тебініп,
Жұлысуға да ерінбейтін.

Нағыз қунақы қудың қуы,
Унайтын Жақанға бұл мінезі
Төбелескенде әнеу күні,
Үш төртеуін жалғыз өзі

Қызыл айдарынан тістеп,
Бәрін жеңіп қуды да шықты.
Егер шындап кетсе күштеп,
Ол — жеңілмейтін сондай мықты.


II—БӨЛІМ.

Түн. Сағат екі. Кең бөлме.
Жақан машинасын құшақтап,
Күбірлеп, сөйлеп, шомып терге
Жатыр еді төсекте ұйықтап

Машина құлап кенет,
Төсектен жерге түсіп
Жүре бастады. Гүрілдеп
Теңселіп моторы ысып.

Қайдан екені белгісіз
Шұбар әтеші де келді.
Кірді кабинетке үнсіз,
Машина жүріп те берді,

Төргі үйден сенекке келіп,
Сенектен шықты далаға.
Жақан бәрін де тұр көріп
«Рас, мен осыдан қалам ба?»



Дегендей боп, сыртқа шықса,
Машина үлкейіп кетіпті.
«Жүр, бол, мін, тез, рульді ұста
Және жаба кет есікті!»

Деп әтеші айқай салғанда,
Әуелде аң-таң боп тұр еді.
Енді, көп ойланбай бұ да
Кабинге келіп мінеді.

Отырып екеуі де қатар,
Жай күліп біріне бірі
Қарап та қойды. Мақтанар,
Сірә бар ғой деймін түрі.

Олар қызыққа батты сондай,
Ағызып келеді ұшып.
Болса да бөгеттер қандай,
Көтеріліп ырғып түсіп.

Көшеде адамдар қарап,
Таңданып көз алмады.
Балалар қолын бұлғап,
Шулап соңынан қалмады.

Ит екеші ит те жүгіріп,
Пәрменімен келіп қуды.
Жете алмай ыза боп үріп,
Саңқылдап көбейтті шуды.

Ығысып жылдам бұрылып,
Жай машиналар жол берді.
Қорқақ бір есек жығылып,
Бақ етті күлдіріп елді.

Па, шіркін! Көрсек апасы
Қуанғаннан жылдар ма еді?
«Өкінгенмен жоқ уақасы,
Жібермен», деп ұрар ма еді?

Ұзап қаланың шетінен
Өзенге үлкен тап болды.
Таймады алған бетінен,
Тура төтелеп тартып жолды.

Әдейі жасаған көпірден
Жүрмей, су үстімен жүзіп
Сыр еткізді. Алғанша дем,
Қақ ортадан тіле сызып.

Таңданып қаз бен үйрек:
Апырмау не зат, қайық па?
Өте шықты жол сап ирек,
Деумен тұр: құс па, балық па?

Топтай боп дөңес, белдер
Қас қаққанша шыр айналып,
Ойлы шұңқырлы жерлер —
Бәрі де жатыр қалып.

Жетті ну орманға, көкшіл
Жапырағы қос алақандай.
Ішінде аю, қасқыр да жүр,
«Кімдер бұл?» деп түсіне алмай.

Арыстан қорқып қашып-пысып,
Қоярға жанын жер таппай,
Бір биік жардан құлап түсіп
Өліп те кетті, тіл қатпай.

Оған сақылдап әтеш күліп,
Жақанға қарап мәз-майрам:
«Сөйтіп, көкесін қойсын біліп,
Мықтымын деуші еді талайдан».

III—БӨЛІМ

Зырлап еді кенет диірмендей
Жылдам машина қалағы.
Жерге дөңгелектері тимей,
Көтеріліп ұшып та барады.

Зулап тура оқтай аққан
Өркеш-өркеш бұлтқа жетіп,
Құйрықты жұлдыздай аққан,
Асып кетті одан да өтіп.

Көз жіберіп қараса төмен:
Өзендер—жіңішке сымдай,
Леп белгісіндей болса емен,
Көлдер — шелектегі судай.

Төрт қабатты биік үйлер —
Шырпының сыртқы қабындай.
Созыла біткен таулы дөңдер —
Қайқы бел балта сабындай.

Жер—әр түсті бір орамалдай —
Қызыл, жасыл, шұбар ала.
Ал, десеңдер: адам қандай? —
Кіп-кішкене шегедей ғана.

Әтеш батты ауыр ойға,
Еңкейіп кеп қарайды көп.
«Тауық пен қаз кеткен қайда? —
Жер жұтқандай, атымен жоқ».

Кеп онда емес, жер өзгеріп,
Қарлы мұзды тау байқалды.
Чкаловтар істеген ерлік —
Терістік полюске айналды.

Боран бастады ұлуды...
Көктен жұлдыздар қашты...
Ауырлатып тез ұшуды,
Машинаны қырау басты.

Ақыры қутылып одан,
Өтті жеріне Америка.
Қаптаған түтін мен тұман,
Қандай жаман материк, ә?

Жақтырмады, Жақан көріп
Түтіннен кеткен қарайып
Сурықсыз түсін, Нью-Йорк
Арсаланған тым сарайып.

Содан соң тік көтеріліп
Дәл Айдың өзіне шырқап,
Суылдап ауаны тіліп
Өте шықты зырқырап.

Ай күміс топтай домалап
Бір бүйірде қалды, артта.
Жақан әтеш түсін қарап,
Көз алмады, таңырқап та.

Бұлар тіпті ұзақ ұшты
Я, шығандады алысқа.
Ақырында келіп түсті
Ғалымдар айтқан Марсқа.

IV—БӨЛІМ

Марс. Қәдімгі осы жердей
Орманды, таулы, өзенді.
Тек, адамдары емес біздей,
Қызық бір түрлі өзі енді!

«Сартылдап қос қанаттары,
Жарқырап күнге шағылып,
Келген қонақ кім?» — деп бәрі
Көруге келеді ағылып.


Жүздері қызыл күлгін.
Жақан қарап тұр таңданып.
Еркегі кім? Әйелі кім? —
Білу қыйын адам танып.

Иектерінде сырғасы бар.
Еп ерсі-ақ кісі көргісіз!
Киімдері ақ таңдақ шұбар,
Не зат екені белгісіз.

Көздері мандайға біткен.
Қасы үстінде емес, астында.
Етінің сауы жоқ түктен,
Кереметі бар бастың да...

Былай, түстері сурықсыз
Болса да, ақжарқын өздері
Сөйлеген сөзі «сіз» бен «біз»,
Дөкір де емес мінездері.

Жақанды сый қонақ көріп,
Тез-ақ көп жұрт жыйылды.



Өздерінше сәлем беріп,
Көрсетіп ізет, иілді.

Айнала қоршап та алды,
Хұрметтеп шақырды асқа.
Олар да ғажап таңданды
Жақанның түріне — басқа.

Біліп бөтен жұрт екенін,
Әтеш машина күзетті.
Сағынды ма о да өз жерін
Жақанға «кетейікті» үдетті.

Жақан түзеп киімдерін,
Қорықпай ішіне кіріп.
Ойлап айтар сөздерін,
Сөйледі салмақпен тұрып.

Ең әуелі ол да иіп бас:
«Рахмет хұрметтеріңе,
Әлгінде ғана іштім ас
Өз елім — Совет жерінде.

Қысқа сөзбен түсіндірсем:
Шатты өмірде еркін жүзген.
Қатар түсіп келетін тең
Ел жоқ онда асқан бізден.

Тек, Сіздерден бір сұрарым:
Жүрсе біреу маған еріп,
Шығу аралап мурадым
Марс жерін, көзбен көріп»,

Сол кезде Әтеш ойбайлап,
Бар дауыспен бақырды.
«Мені өлтірді!... деп айқайлап,
Шырылдап досын шақырды.

Жақан шошып: «Ах, әтешім,
Әтешім!» деп ашса көзін.
Әрең ғана... Жыйнап есін,
Төсекте жатқан көрді өзін.

Үйге күн нұры шашылып
Сағат сегізді соғыпты.
Әтеші шын тұр шақырып,
Тұратын мезгіл болыпты.

Тулап, дүрсілдеп жүрегі
Қыйналып жаман терлепті.
Сүйтсе де арман — тілегі —
Тағы да шарлау жер, көкті.

Әтешке қарап сөре үстіне
Жақан сүнгіді. Ойға жүзіп:
Ғажабы бар-ау түстің де,
Өндегідей тіпті қызық!»

Жерден алып машинасын,
Құшақтап кеп қысып-қысып,
Айналдырып қалақшасын:

«Кеттік, — дейді, қалай ұшып?»
Мүмкін, ертең-ақ даңқты
Ол конструктор болар.
Сөйгіп Жақан ойлап тауыпты
Бір машина Марсқа барар...



ШӨЛГЕ ШАБУЫЛ



О Ч Е Р К

О. МАЦКЕВИЧ

Суреттерін салған А. ХАЙДАРОВ.

Қазақстан картасы бетінің көпшілігі түссіз сарғыш бояумен боялған. Карта бетіндегі бұл сарғыш бояу Қазақстан жерінің көпшілігі құмды, шөл дала екендігін көрсетеді. Сол құмды жерлердің өзіне ғана көлемі Франциядай 3,5 немесе Швейцариядай 50 мемлекетті сыйғызуга болар еді. Өйткені республикамыздың жерінің $\frac{3}{4}$ бөлігін осы құмды шөл далалар алып жатыр.

Шөл дала жерінің беті күнне күйіп, жарылып-жарылып кеткен. Онда шағыл-шағыл құм төбелер мен сортаң жерлер жиі кездеседі. Анда-санда күрең түсті тікенекті өсімдіктер көзге түседі... Бұл жердің күні өте ыстық келеді.

Бұрын осы шөл далаларды жиектей келіп қонған жеке-жеке ауылдар, посемкалар мен қала-бекіністері болатын еді. Өйткені патша отаршылары халықтың шұрайлы жерін тартып алып, оларды осы шөл далаға әкеліп тысқырды. Қонысынан ауған халық амалсыздан шөл даланы мекен етті.

— Бұл құмда не күн көреміз? — деп қаша шекті көшірілген малыны қазақтар. — Мал жаярлық бір тал шөп, егін егерлік бір тамшы суы-жоқ, ол жердің. Қайда барып, не істейміз?!...

Өмір бойы көшіп жүрген малыны қазақтар жанан тұз, шөл далада судың қандай бағалы екендігін жақсы білді. Олар үшін су бағасы өмір бағасымен тең еді. «Сулы жерде өмір, суызы жерде өлім бар», — дейді халық. Революциядан бұрын Орта Азиядағы жалғыз ғана жер суаратын құрал ұзындығы 13,5 километрлік «Бұқар-Арық» каналы болды. Оны да патша үкметі 7 жылда әрең қазып бітірген еді. Бірақ онымен су жүргізу үшін тағы да 10 жыл уақыт керек болды. Бетнақ далада жерін суландыру екінші біріннің қолынан келмейтін іс еді, су тек патшаға бағыныштыларға, христиан дініндегілерге, байларға ғана берілетін еді.

Ал, халық туралы патша үкметі еш қам жемеді, шөл даланы гүл-бақшаға айналдыруға тырыспады.

Шөлге шабуыл тек Совет өкметі жылдарында ғана басталды. Атәм заманғы керуен жолымен шөлге қарай ботаниктер, гидрологтар, мал, жер мамандары ағыла бастады. Олар шөл далаға рақым сұрап келмеді, қайта оны өзіне бағындыру үшін келді.

Еділ мен Жайықтың екі ортасындағы Парын құмдарынан ботаниктер 45ке жуық әр түрлі хоректік шөптерді тартты. Биік-биік құм шағылдар арасына қаулап өскен құм сұлылары, қыяқ құмаршылықтар бар екенін анықтады.

Шөл далада еш өсімдік өспейді деген ескі пікірдің жалғандығы осылай әшкереленді. Шөлден су іздеуде

гидрологтарға бұрынғы көшпелілердің тәжірибесі көмектесіт. Жаңа қоныстар іздеп көшіп жүрген олар құмның қасиетін ертеден-ақ білетін еді. Шөл даланың құмды суды бойына тез сіңіретін де, бірақ оны буландырып қайта шығармайтын. Оның себебі құмның суды өз бойына сақтап тұрмай астына қарай сіңіріп жіберетіндігінен еді. Шағылдан қазылған бірінші құдықтың өзі-ақ гидрологтерге құм астында таза, тұщы судың жатқандығын көрсетті. Құмды шөл далада су жоқ дейтін екінші пікірдің де сыры осылай әшкереленді. Бірақ шөл далада өсімдіктер өсетіндігі мен одан судың да табылатындығын ашып қана қою жеткіліксіз еді.

1940 жылдың жазғытурында Оңтүстік қазақстанның мақтаншылары партия мен үкметтің су үшін күресу жөніндегі шақыруы бойынша республикада бірінші болып іске кірісті. Дала жоладрымен күні-түні көлікті керуендер ағымын, машиналардың шаңдары бұдақтай бастады. Олар құрылысшылары, құрылыс басына тігілетін киіз үйлерді, кешендерді, азық-түліктерді, жорық радиостанцияларын тасуға кіріскен керуендер еді. Бетнақ даланың бойып керуен оттар жарқырады. Өйткені бұл далаға жер суландыратын үлкен канал қазу үшін 80 мың колхозшы—құрылысшылар келген еді.

Колхозшылар мұны Киров атындағы канал деп атады. Ол Сыр-Дарияның жағасынан басталды. Кешегі патша заманында «сараң» аталған Сыр-Дария жаңа заманда ерекше мырзалық көрсетті. Сыр-Дариядан 120 километр қанықтықта жатқан Бетнақ далаға Киров каналымен сылдырай ағын су келді. Шөл далаға жап кірді. Каналды жағалай колхозды ауылдар мен селолар орналасты, бақшалар гүлден, мақталы далалар жайнады.

Қазақстан картасында жаңа аудан пайда болды. Ол даңқты большевик С. М. Кировтың атымен аталды.

— Біз кировшілдерміз! — деген сөзді Бетнақ дала адамдары зор мақтанышпен айтады. Құрғақшылықтан жеңіп алған жерлерінде Бетнақ дала мақтаншылары, бақшашылары, малшылары діңке, қауын тіпті жүзім өсіруге дейін жетісті. Бұрын «Бетнақ дала» деп аталған бұл жерде арпа мен бидай өсетін болды. Онда өсетін мақтаның ұшы-қыйыры жоқ, теңіздей шалжып жатады. Киров ауданының көк орай шалғын байыршөпінде 60 мыңнан артық каракуль қойлары бағылады.

Сталиндік бір бесжылдықта ғана халық патша үкметінің 40 жыл бойы қолынан келмегенін іске асырды. Қазір Бетнақ даладағы су жүйелерінің ұзындығы 6 мың километрден асады. Ол — Бетнақтағы сулы

жердің ұзындығы Совет Одағындағы үш ірі өзен — Еділ, Кубань, Дон үшеуінің ұзындығымен бірдей деген сөз. Бұл шөлге шабуылдың басы ғана еді. Соғыстан кейінгі бесжылдықта Сыр-Дарияның төменгі жағынан Орта Азиядағы ең темірбетонды су бөгеті жасала бастады. Бұл шөл патшалығынан тағы да жарты миллион гектар жер халық игілігіне айпалады деген сөз.

Көшпелі малшылардың тәжірибесі бойынша ғалымдар құм астында су жатқандығын білді. Ғалымдар мәдени өсімдіктердің тамырларын сол суға қалай жеткізуді, сөйтіп оларды құрғақшылықтан қалай қорықпайтын етуді ойлады.

Терең ор ішінде жер кәсібімен айналысу идеясы осылай туды. Ғалымдар тереңдігі бір метр етіліп қазылған канал—орлардың ішіне картоф, сарымсақ, капуста және алма ағаштарын егіп байқады.

Ғалымдардың есебі дұрыс шықты. Жер кәсібімен ор ішінде айналысу өсімдіктерді суға жақындатқандығын ғана емес, онымен қатар ғалымдар ор ішінде өсіру өсімдіктердің шыжыған күн көзі мен ыстық желдерден қорғануына да пайдалы өзгендігін анықтады. Бұл жер кәсібімен ор ішінде шұғылдану жұмысы енді тек тәжірибе участоктарында ғана жүргізіліп қоймай, республикадағы құмды аудандардың, колхоздардың бәрінде де жүргізілетін болды.

Жер кәсібімен ор ішінде шұғылдану шөл даланы меңгерудегі тәжірибе станциясының тұңғыш қадамы еді. Екінші қадам одан ауырырақ болды.

Ғалымдар бидайдың-арпаның және жоңышқаның ыстық жел мен құрғақшылықтан қорықпайтын берік жаңа сортын өсіруді ойлады. Бұл үшін көп жұмыстар істелді, мыңдаған тәжірибелер жасалды, алайда бұл жұмыстың сәті тезірек түсе қоймады.

1944 жыл ғалымдардың есінде мәңгі қалды. Өйткені бұл жылғы құрғақшылықта өсімдіктердің тамыры солып, жапырақтары күлге айналып кетті. Бірақ, ғалымдардың көп уақыт еңбек еткен жаңа сорттары бұл қатаң сыннан ойдағыдай болып өтті. Ол — тәжірибе станциясының көп жылғы еңбегінің жемісі «арал гриммі» деп аталатын жоңышқаның жаңа сорты еді. Сөйтіп бұл ауыр жыл ғалымдарға жеңіс қуанышын көрсетті. Арал жағалауларында бақша отырғызылып, жоңышқа егілетін болды. Сол сыяқты қазір Үлкен Борсық құмдарында тәжірибе станциялары тек жоңышқа ғана емес бидай, тағы арпа да өсіріп отыр.

Совет адамдары құмның адамға шабуылын тоқтатып қана қойған жоқ, олардың өздері құмға қарсы шабуылға шығып, шөл даланы халық шаруашылығының игілігіне айналдыру табыстарына жетті.

Жамбыл мен Оңтүстік қазақстан облысының малшылары Мойынқұм құмдарын (Балқаш жағаларынан Талас пен Шу өзендерінің алкасына дейін) жайылау

етіп алды. Мойынқұм жайылауларында жыл сайын миллионнан астам қой, ешкі, жылқы, түйе бағылуда.

Құм шағылдар арасына мектеп, клуб, магазин, радио станциялары бар жаңа ауылдар мен поселкалар орнады.

1947 жылы мұнда Қазақстанның белгілі ғалымы Кәрім Мыңбаевтың экспедициясы болды. Оқымыстылар Бетпақ дала жерінен егін өсіруге болатын жерлер мен сексеуіл далаларын және тұщы сулы көздерді кездестірді. Экспедиция Бетпақ дала жеріне 10 миллион бас мал бағуға болатындығын анықтады. Өткен жылы бұл шөл даланың оңтүстік батысын ала республикадағы ең соңғы ұйымдастырылған қарақұл қойларын өсіретін совхоз орнады.

Бетпақ далада қазір мал шаруашылығын өсіру жөніндегі тәжірибе станциясы жұмыс істейді. Ол қазақтың белгілі ғалымы Кәрім Мыңбаевтың атымен аталады. Бұл құмды даладағы мал шаруашылығы станциясы ғылымның алдыңғы сапындағы постысы, Бетпақ далаға жасалатын жоспарлы шабуылдың алдыңғы есебі болып саналады. Бұл жерден шөл даланың төрт бұрышына қарай оқымыстылардың отрядтары қорық жасап тұрады. Ботаниктер қазірдің өзінде 100 мың гектар жайылымдық жерді өрттеп Бетпақ дала өсімдіктерінің гербарийін жасады. Сол сыяқты гидрологтер де шөл дала суына барлау жасауда, Шу өзенінің су байлығын зерттеуде. Бұл өзеннің ең қызықты жері оның ешқайда барып құймайтындығында. Ол биік Тянь-Шань тауларынан басталып Қырғызстан мен Жамбыл облысы жерлерін басып өтіп Бетпақ дала құмдарына сіңіп жоғалады. Кәрім Мыңбаев пен оның серіктері Шу өзенінің етек жағында болып, олар адам қолымен жасалған мөлдір сулы Шу теңізінің болуын қиялдаған еді. Ол негізсіз бос қиял емес еді. Өткен жылы май айында Шу өзенінің суы төмендей бастаған кезде оның жағасынан малшылар Бетпақ даладағы ең бірінші су бөгетін жасауға кіріскен болатын. Сөйтіп онда ұзындығы 300 метрлік су бөгеті жасалып, ондағы жаңа ауылдың адамдары шөл даладан таза су алып ішетін болды.

Шөл даланы жаңартуда көптеген жұмыстар істелді. Бетпақ даланың терістік жағындағы мыс қаласы — Балқашта жүзім мәуесі салбырап, алмалардың хош иісі аңқыды. Шөл даланың төрі Жезқазғанда тұратын адамдар өгөрод салып, бақша өсіреді. Республикамыздың Бетпақ даладағы екінші шеті — Әмба мұнай мұнараларының айналасында да жас бақшалар жайнады.

Алайда республикаларымыздың батыс облыстары құрғақшылық зардабынан әлі де зыян көріп отыр. Оларды да гүл бақшаға бөлеу үшін күрес күн сайын күшеюде.

Шөлге шабуыл өрши түсуде.




Пайдалы қазбалар



Балалар, сендер жуырда өлке тау саяхатына шығасыңдар. Туған өлкеңнің табиғат байлығы және тарихымен танысасыңдар. Бұл жөнінде көптеген жаңа мағлұмат аласыңдар, мүмкін бұрын жұртқа белгісіз жерлер мен кендерді өздерің табарсыңдар. Бұл болмай қалатын іс емес. Біздің елімізде көптеген жаңа кен ордаларын тапқан жас саяхатшылар аз емес.

Дегенмен кен табу оңай іс емес. Ол үшін әрбір кен жөнінде мағлұматтар болуы керек. Пайдалы қазбалардың жер қойнына қалай орналасатынын, қандай белгілері болатынын жақсы білу қажет.

Халық шаруашылығына қажетті, маңызды жыныстарды пайдалы қаз-



1.

балар деп атаймыз. Тау жыныстары ішінде шаруашылыққа керексіз жыныстар да көп болады. Пайдалы қазбаларға металл, тас көмір және құрылыс тастары шығатын жыныстар жатады. Ішінде металды кен жыныстарды руда деп атаймыз. Ал, руданың көлемді, мол кездесетін жері кен дейміз.


Бұл кендер жер қойнында әр түрлі

орналасқан, қалың да, жұқа да болып кездеседі. Кендердің осы орналасуына қарай, оны қазып шығару әдістері де әр түрлі болады. Кей бірі тік, кей бірі көлбете қазылады. Кендердің негізгі орналасуы мына түрлерде: қыртысты (пласт), шұбыртбалы (жила), ұйымалы (шток), сопақша (линза) және ұялы (гнездо), түрде кездеседі.

Қыртысты түрінде, көбінесе, тас көмір кездеседі. Тас көмір қыртыстының ұзыны көсілмелі, ені кең болып келеді де, қалыңдығы біркелкі болады. Сондықтан көмір қыртыстының үстіңгі және астыңғы беттері тақтайдай жазық болады. Бірінші суретте қыртыстың түрі көрсетілген. Қыртыстың өзі пайдалы қазба болғанымен, оның үстіңгі және астыңғы беттерімен астасқан тастар көбінесе пайдасыз жай жыныс болады. Қыртыстың ұзындығы мен ені бір неше жүз метр яки бірнеше километр болуы мүмкін.

Шұбыртба түрінде, көбінесе, металды рудалар кездеседі. Шұбыртбаның қалыңдығы әр түрлі: қалың да, жұқа да болып кездесе береді. Қалыңдығы әртүрлі болуы себепті шұбыртбаның үстіңгі және астыңғы беттері көмір қыртысы тәрізді тегіс болмайды. Шұбыртба бір және бірнеше тармақты бола береді. Екінші суретте шұбыртбаның бірнеше тармақты түрі көрсетілген. Бұл шұбыртбаларда жез, темір, қорғасын, цинк, қалайы, алтын, күміс тағы басқа металдар көп ұшырасады.


Қайсыбір жерде пайдалы қазба-



2.

лар кені ұйыма түрінде де кездеседі. Ұйыма деп ұзындығы мен қалыңдығы бір шамалас келген кендерді айтамыз. Кендердің ұйыма түрі жер қойнының қуыстары рудамен толтырылуы арқасында пайда болған. Ұйыманың орналасуы үшінші суретте көрсетілген. Бұл ұйымаларда неше түрлі бағалы және сирек кездесетін металдар көп болады. Ұйыма кейде жер қойнында бір неше жүз метр тереңде, кей кезде жер бетінде ұшыраса береді.

Ұйыманың шағын түрі ұялы кен деп аталады. Мұның пайда болу, орналасу түрлері ұйыма сыяқты болғанымен, көлемі өте шағын болады. Ұялы кенде түсті металл, темір тұз сыяқты пайдалы қазбалар болады.



3.

Пайдалы қазба кендері кей кезде сопақ (линза) түрде кездеседі. Оның ортасы енді, екі ұшы сүйірлеу келеді. Бұл түрінде түсті металл кендері жиі кездеседі.

Кендердің орналасу түрлерін, оның мөлшерін білу бізге өте қажет. Осыларға қарап кендерді қазып алу әдістері белгіленеді.

Қазақстанда жоғарыда көрсетілген кендер түрлерінің бәрі де кездеседі. Мысалы: Қарағанды, Ленгер тас көмір кендері қыртысты түрінде, Ащысай, Текелі кендері шұбыртпа түрінде, Қоңырат кені ұйыма түрінде, Лениногор кендері сопақша түрде орналасқан.

М. Т. БОКАЕВ,

техника ғылымдарының кандидаты.



Жас агроном



Бақша нүісе, өседі

Жаз күндерінде бақшада істелетін жұмыс көп. Топрақтың жұмсақ болуын қадағалау керек, күн ашық, ысы болса, бақшаны суару қажет. Қауын-қарбыз топрақтың тым ылғалды болуын тілемейді. Тек ол егістің екі жетіде бір рет арам шөбін жұлып, көректендіру шарт. Қауын-қарбыз жапрақтарына зиянды жәндіктерден ыстық күндері қызыл өрмекші; ал туманды күндері — ұлпа шырмауық пайда болуы мүмкін. Бұның екеуі де өсімдікті сендіріп, қуратады. Қызыл өрмекшіні құрту үшін 15 грамм анабазин-сульфатты 40 грамм көк сабынмен 10 литр суға ерітіп, сол ертіндіні қауын-қарбыз егісіне бүрку керек. Бақшада ұлпа шырмауық пайда болса, оған 30 грамм тотыйайынды 300 грамм көк сабынмен араластырып, 10 литр суға ерітіп се-

бу керек. Бұл ертіндіні бір себуден ұлпа шырмауық құрымаса, бір аптадан кейін тағы қайталауға болады.

Қауынның пісуін шапшаңдату үшін, оның қажетсіз жапрағын жулу керек. Қауынның үшінші жапрағы шыққанда бірінші рет жапрағын жулу басталады. Ұрық түйін салысымен, дән бермейтін сабақтардан арылтатын бол, түйіннің жоғарғы жағында тек қана 6 жапрақ қалдыр. Августың екінші жартысында жаңадан өскен сабақтарды жулып таста.

Қауынның сабақтарын соққан жел төңкеріп кетпеу үшін, сабақтарды айыр қазықшамен жерге бекітіп қою керек. Жаз күндерінде бақшаңды уқыпты, жақсы күте білсең, күзде тәтті қауын-қарбызға қарық бола-сың.

Зиянды жәндіктерді құрту жолы

Екпе өсімдік бар жердің бәрін зиянды жәндік мекендейді. Мысалы, бидай егілген аңызда зиянды жәндіктің 200дей түрі болады.

Бұл зиянды жәндіктер далада, бақшалар мен бақтарда көктемнің бас кезінде пайда болып, жаз бойы бірі ерте, бірі кеш өсіп-өне береді. Олар өсімдіктерге көп зиян келтіреді, егісін өнімін кемітеді.

Бақшадағы қайшы гүлді өсімдіктер: капуста, турнепс, брюква, репа, редиска, редька зиянды жәндіктерден көп зардапқа ұшырайды. Көктемде гүлі сарғыш шешек ататын сурепка, жабайы редька сыяқты өсімдіктер осы зиянды жәндіктердің ұлысы болады. Зиянды жәндіктер көбінесе осы қайшы гүлді арам шөптерден ұшып барып өсімдіктерге қонады. Сондықтан арам шөпті үздіксіз күнбе-күн жулу — басты шарт.

Зиянды жәндіктерден күйзеліске көп ұшырайтын өсімдіктің бірі — капуста. Оның жапрағын қара не сары ала кішкентай қоңыздар мен бақша бүргесі мүжиді. Бұл жәндіктер көктемнің бас кезінде көптеп пайда болады да, жаз ортасында қайталап өрбиді.

Капуста бақшасында бүкіл жаз бойы ақ көбелек болады. Ол көбелектер қапустаның жапрағына өзінің шымқай сары жұмыртқасын салады. Бұл жұмыртқадан теңбілді жасыл құрт пайда болады.

Кейде капуста жапырағын шұбырған сансыз шіркей басады. Бұл шіркейлер сорған жапрақтардың түсі өзгеріп, бүрісіп қалады.

Жаздың екінші жартысынан бастап қапустаға қоңыр көбелек те өзінің көк сурғылт жұмыртқасын салады. Ол көбелектер жапрақты жеп, қапустаның ішіне кеулеп кіреді.

Бұл жәндіктерді қалай құртуға болады. Оларды бірлесіп (пионер звеносы болып) құрту керек.

Көбелектердің бұл ірі жұмыртқаларын теріп алып өртеп жіберу керек. Ал, кішкентай құрттар мен жұмыртқаларды жапрақтың үстінде сығып тастаса да болады. Қоңыр көбелектің құрттарын да өсімдік жапрағының астынан ізде. Шіркейлерді сабынды сулы шүберекпен жаншып өлтіру керек.

Жер және бақша бүргелерін өсімдікке күл және майда топырақ тозаңдарын сеуіп құртуға болады.



Оқушылардың, шығармалары

БІЛІМ-ӨНЕР БҰЛАҒЫ

Шөліркесем, қымыздай
Сусынымды басатын,
Темір қазақ жұлдыздай
Өмірге жолды ашатын,

Түбі терең тұңғыйық,
Білім-өнер бұлағы.
Сонда жанғап болашақ
Бақытымның шырағы!

Саттар СЕЙТХАЗИН.
Қарағанды.

ЖАС ШЫБЫҚ

Үй алдына өскен өм
Айналыра жас шыбық.
Бақша етек едім мен
Жайнасып деп тұл шығып.

Жамылып шыбық жапырақ
Ала шапан бүркенді.
Жайқала өсіп жас құрақ
Түсіндей кілем түр берді.

Отанымдай қең, қызық,
Кішкене бақшам көрінді.
Бейнелер көркем жас шыбық
Біздің жастық өмірді.

Өкім ЖАЙЛАУОВ

Жамбыл облысы, Талас ауданы,
«Ойық» мектебі.

ӘЛІППЕ

Мектепке кіргенімде алғаш барып,
Кішкене сұр кітапты қолыма алып,
Ішіндегі жазуды оқығым кеп,
Қайта-қайта қарағам, құмарланып.

Ленин мен Сталиндей көсем атын,
Жырларды мейірімді қандыратын
Оқығам алғашқы рет сол кітаптан,
Мақтан етіп өмірдің салтанатын.

Сол кішкене сұр кітап қымбат маған.
Бір мен емес, сүйетін талай адам.
Ең алғашқы мектептес жолдасым деп,
Жас балаша қараймын мен де соған.

Оқып білім маржанын жүрмін теріп,
Өстім өмір қызығын көзбен көріп,
Жігіт болдым. Кішкене әліппемді
Еншісіне інімнің кеттім беріп.

Айқын НҰРҚАТОВ.



БІЗДІҢ

ПОЧТА



БІЗДІҢ МҮҒАЛІМ

Жуырда ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша еліміздің мектептерінде көп жыл бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан мұғалімдер ордендер және медальдармен наградталды. Сол наградталғандардың ішінде біздің Қараоба орта мектебінің директоры Ахметқазы Чутаев жолдас та бар. Оны үкметіміз Еңбек Қызыл ту орденімен наградады.

СЫЙЛЫҚ

Сейт пен Азат оңаша отырып, аз уақыт құпия кеңесін алды.

— Бұл жұмысымыздың құпия сыры кейін ашыла жатар. Өзірше ешкім де сезбей жүре берсін — деді Сейт сақтапған пішінмен сөйлеп.

— Енді көп аялдамай жолға шығалық. Қазір екінші, төртінші звеноның пионерлері осы бөлмеге жыйналысын. Бірінші мен үшінші звеноның пионерлері таңертең жүріп кетті ғой. Олар бізге ұшыраса алмай, адасып жүрмесін, тез жөнелуіміз керек.

Азат асыға басып, сыртқа шығып кетті. Мектептің алдында екі звеноның пионерлері жыйналып, сақ тұр екен.

— Пионер бөлмесіне жыйналыңдар. Сейт күтіп отыр. Біраз кеңесіп алатын жұмыс бар — деді, Азат оларды қарсы алып.

Жолға сақ әзірленіп келген пионерлер бөлмеге жыйналды. Сейт олармен жол жағдайын айтып, әңгімеге кірісе бергенде сырттан кіруге рұхсат сұраған дыбыс естілді.

Чутаев жолдас жыйырма тоғыз жыл бойы үзбей совет мектептерінде қызмет істеп келеді. Ол содан бері мыңдаған жасөспірімдерді тәрбиеледі, оқытты. Қазір одан оқып, тәрбиеленген жүздеген оқушылар партия, совет орындарында, мектептерде мұғалім болып, қызмет істейді. Көпшілігі Ұлы Отан соғысы майдандарында ерлікпен күресті.

Чутаев жолдасын біздің мектепте директор болып қызмет істегеніне екі жыл болды. Осы екі жылдың ішінде ол жастарды коммунистік рухта тәрбиелеп, оларға терең білім беру жолында көп еңбек етті. Көптеген жаңа оқу кабинеттерін ашты. Қазір мектебіміздің оқуға үлгеру және сабаққа қатысу проценті әлдеқайда өсті.

Мектеп оқушылары директордың басқаруымен көрші колхоздарға да көмек көрсетіп отырады. Үстіміздегі жылы оқушылар Жангелдин атындағы колхоздың егіс даласының 215 гектар жеріне қар тоқатты, 200 гектар егістік жерге түрлі тыңайтқыштар төкті. Мектеп маңының 0,5 гектар жеріне ағаш екті. Әрине, мұның барлығы да мектеп директоры Чутаев жолдасын басшылығымен істеді.

Біз өзіміздің мұғаліміміз Ахметқазы Чутаев жолдасын мақтан етеміз. Көп жылдық еңбегін бағалап оған Еңбек Қызыл ту орденімен награда берген, совет үкметіне алғыс айтамыз.

Төлеу ТЕНТЕКОВ,

Қостанай облысы. Урицк ауданы, Қараоба орта мектебі.

— Кіріңіз!

Милиция формасымен киінген орта бойлы, жылы шырайлы адам кірді.

— Саламатсыздарма, пионерлер — деп, әдепті сәлем берді кірген адам.

Пионерлер де бір дауыспен сәлем берісті.

— Отряд советінің председатели керек маған.

— Мен, Сейт Жандосов — деді, Сейт орпынан ұшып тұрып, әскери тәртіп сақтап.

— Мен милиция қызметкерімін.

Сіздерге үлкен өтінішпен келіп тұрмын. Өткен күні бір ірі заводтың бас инженері Колмаков жолдас самолетпен ұшып келіп, аэродромға қонған жерінде аса маңызды документін жоғалтқанын хабарлады. Документ жоғалған аймақты анықтадық.

Сол документті тез табуға сіздер көмектессеңіздер екен. Мына пакетте документ түскен аймақтың жер жағдайы толық баяндалған. Бұл сіздерге жол табуға көмекші болады — деп, милиция қызметкері қысқаша баян-

лады. Қолындағы пакетті Сейтке ұсынды.

Сейт пакетті ашып, оқын шықты.

— Бәрі де түсінікті. Біз қазір жолға шығуға әзірміз. Бұл сапарымыздың нәтижесін ертең сізге хабарлаймыз — деді, Сейт отряд пионерлері атынан зор сенім білдіріп.

— Осы жолдан шықпалық. Мүмкін, жоғалған документті біз бұрын тауып алармыз. Мынау жатқан адамның ізіне ұқсайды. Осы жерде біраз демалып тура жүріп кеткен ғой.

— Асыққанмен табылмайды. Кім байқағыш, кімнің көзі өткір, кім ұқыпты, сол табады.

Шәкір мен Серік өзара әңгімелесіп, әрнәрсені жорамалдан айтып келе жатты. Көздеріне шалынған белгіге үңіле қарайды. Бұлар жүріп келе жатқан жолдың үстіне аралуан жәндіктердің ізі де түсіпті.

— Бұлардың соңынан іле-шала екі-екіден жүрген балалар да осы жолға шықты. Әрқайсысы жолға түскен ізге, әртүрлі белгілерге зейін

қойын қарауда. Көргендерін бос жібермей, дәптерлеріне белгісін салып жазып алады.

— Бұдан ары жолсыз жүреміз. Бірақ, адамның жүргені анық көрініп тұр.

— Ендеше, адам аяқ басқан жерден көз жазбай жүре берелік. Қайда барып түйісер екенбіз — деп, алдыңғы келе жатқан екі бала сөз байласты. Көздеріне үміт оты жарқеткендей болды.

— Табылды, табылды! — деп, Айман қуанышты дауыстады. Оның алдында сыртты ақ қағазбен оралып буылған бір нәрсе жатты. Артына

Айманның қуанышты дауысын есіткен бір топ балалар да келіп жетті.

— Қағаздың ішінде не барын білмейміз. Ашпай, күте тұралық — деп, қалған балаларды күтуге ұйғарысты бәрі де.

Жан-жақтан балалар жыйналып, осы жерде түйісті. Бір жақтан Азат пен Сеит те келді.

Сеит буылған қағаздың ішін ашты. Ішінен жазушы Аркадий Гайдардың «Тимур және оның командасы» деген кітабы, карандаш, дәптер, суреттер шықты. Пакет ішінен кішкентай хат табылды. Хатта: «Бұл сыйлық ең қырағы, ең ұқыпты із-

кесер пионерге арналған» деген әдемі жазу бар.

— Іздегеніміз табылды. Бұл сыйлықты Айманға тапсырамыз — деп, Сеит қолындағы табылған заттарды Айманға ұсынды.

Жұмбақ шешілді. Балалар документ қайда деп те сұраған жоқ. Бұл жорықтың ойланып, әдейі ұйымдас-тырылғанын бәрі де айтпай түсінді. Күн кешкіріп қалған еді. Көп аялдамай Сеит бастаған пионерлер отряды кері қайтты.

А. БАЙТАНАЕВ.



ГҮЛДАНАНЫҢ ОТРЯДЫ

Оқу жылының басында Гүлдана Нұржанованы пионерлер отряд советінің председателі етіп сайлады. Сол күні-ақ ол отряд пионерлерін пионер бөлмесіне жыйнап алды.

— Жолдастар, — деді Гүлдана жыйналғандарға, — Біздің отрядта ауылдан келген пионерлер көп. Оларға орыс тілі қиыны соғады. Со-ларға көмектесейік. Сөйтіп бүкіл отряд пионерлерін озат оқушы қатарына қосайық.

— Жарайды, келістік! — десті пионерлер бір ауыздан.

Міне содан бері көп уақыт өтті. Ауылдан келген пионерлер орыс тілін игеріп алды. Қазір Гүлдана отряды пионерлерінің күнделік дәптерінен тек қана бестік бағаны көреміз.



АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫҚ

Жақында Бурное станциясындағы қазақ орта мектебі пионерлерінің жыйыны болып өтті. Жыйында ауыл — селоны көркейту туралы алматылықтардың үндеуі талқыланды. Пионерлер алматылықтардың үндеуін

Быйыл бұл отряд пионерлері 5 «б» класында оқыйды. Бұл класта 35 оқушы бар. Олардың көпшілігі Нәсіров, Сәкенова, тағы басқа пионерлер отличниктер қатарында,

БЛКЖО ның XI съезі хұрметіне отрядтағы пионерлер түгелдей үлгеріп, отличниктер санын көбейтті. Сондықтан бұл отряд БЛКЖО XXX жылдығы атындағы № 7 отряд болып аталды.


Гүлдана оқуды үздік оқып, ерінбей еңбек етуді сүйеді, отрядындағы пионерлерді де үздік оқуға, ерінбей еңбек етуге тәрбиелейді. Гүлдана мен Клара барлық пәнді үнемі бестік бағамен оқып келеді. Ол сонымен қатар мектеп өміріндегі қоғамдық жұмыстарына белсене қатынасады. Пионерлердің мектептегі қабырға газетіне мақалалар жазып, жолдастарын өзінің оқу тәжірибесімен таныстырады.

Сондықтан да оқушы жолдастары, отрядтағы пионерлері Гүлдана-ны жақсы көреді, оны сыйлайды. Пионер ұйымының басқа отрядтары

бір ауыздан қолдап, мектептің, өз үйлерінің жанын және көше бойын гүлдендіреміз деп қаулы алды.

Осы қаулыны орындау мақсатымен, пионерлер мектеп жанына ағаш отырғызу ісіне кірісті. Олар мектеп жапына 1000 түп терек, 50 алма ағашын, 15 шие ағашын, 8 өрік ағашын екті.

Бұл жұмыста 3 отрядтың пионерлері ерекше көзге түсті. Олар отряд вожатыйы Малбаевтың бастауымен,



Демалыс күнгі балық аулауда. Суретті түсірген А. Миронов.

Гүлдананың отрядынан үлгі алып отырады.

Аға вожатый Қанай МАЛҒАЖДАРОВ.

Семей облысы, Ақсуат ауданы, БЛКЖОның XXX жылдығы атындағы қазақ орта мектебі.

бір күн ішінде, бақша сыртынан ұзындығы 100 метр арық қазды. Сонымен қатар ағаштарды мезгілімен суарып тұру үшін жеміс ағашы арасына атыз жүргізілді.

Ағаштарды мезгілімен суарып тұруға күтуге Затыбеков, Дербісалиев тәрізді бірсыпыра пионерлер уәде берді.

Малдияр НҮРЖІГІТОВ.

Бурное станциясы, қазақ орта мектебі.

АЙБЫНДЫ ОРЫС ҚАРУЫН ОЙЛАП ТАБУШЫ С. И. МОСИН



Біздің армиямыздың айбынды қаруларының бірі — орыстың үш бұрандалы винтовкасын ойлап тапқан С. И. Мосиннің туғанына 100 жыл толды.

Сергей Иванович Мосин алғашқы кезде кадет корпусында оқып білім алып, кейін артиллерия училищесінде оқыйды. Ол 1875 жылы артиллерия академиясын бітіріп шығады.

Мосин артиллерия академиясын бітірісімен, Тула қаласындағы құрал, заводында жаңадан атыс құралдарын ойлап шығару жөнінде бірнеше жоба жасайды.

Мосин 1891 жылы 16 апрель күні, қазіргі біздің армиямыздың құралданып отырған винтовкасын ойлап шығарады. Бұл винтовка содан бері бірнеше соғыстар мен күрестерді басынан кешірді.

Осы винтовкамен қаруланған орыс солдаттары 1904 жылғы орыс — жапон соғысында және 1914—18 жылдардағы бірінші империалистік соғыста Россия жауларына қарсы ерлікпен күресті.

Осы винтовкамен қаруланған ержүрек орыс пролетарлары, шаруалармен бірлесе отырып, 1917 жылы патша өкметін құлатып, совет өкметін орнатты.

Бұл винтовкамен қаруланған Қызыл Армия, азамат соғысы кезінде, жас Совет республикасына қарсы шабуыл жасаған шетел басқыншылары мен ақбандаларды талқандап, елімізді сыртқы жаулардан қорғап қалды, сөйтіп біздің винтовка совет

халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалуына көп қызмет етті.

Патшалы Россияда 1883 жылы, жаңа соғыс құралдарын ойлап шығару ісін басқаратын комиссия құрылды.

Бұл комиссия 1891 жылға дейін винтовканың 54 түрін сынағанында, солардың ішінен капитан Мосин ойлап шығарған винтовка барлық құрылыс, қасиеті жағынан қарулануға жарамды болып шықты. Сондықтан комиссия капитан Мосин ойлап шығарған винтовкамен армияны қаруландыруға ұйғарды.

Мосин бұл винтовкасының жақсылығы басқа шетел винтовкаларынан асып түскендіктен, Францияның қару жасаушы Рихтер фирмасы Мосинге: «Ойлап тапқан винтовканды сат», деп, 600.000 франк (ақша) ұсынды, бірақ өз Отанының шын патриоты Мосин сатылмады.

Сол сыяқты Америка да, Россияның Соғыс министрінен Мосин винтовкасын Америка армиясына пайдалануды сұрайды, оған патша өкметі рұхсат етеді. Сондықтан 1903 жылдың бастап Америка армиясы Мосиннің винтовкасымен қаруланады.

Мосин винтовкасына, арада 40 жыл өткеннен кейін бірнеше өзгеріс жасау керек болды. Сондықтан 1930 жылы, көп сынақтан кейін, ол өзгерістер жасалып винтовка жақсара түсті. Ол енді жарты автоматты винтовкаға айналды.

Осы винтовкамен қаруланған Совет Армиясы Ұлы Отан соғысы кезінде неміс фашистерін аяусыз талқандап, дұшпанды жеңді. Панфиловшы снайпер Нүсіпбаев Әбіл мен ефрейтор Сүлейменов Ыбраһимның әрқайсысы осы винтовкалармен жаудың 300 дей солдатты мен офицерін қырды.

Снайпер аға сержант Әбділбеков Төлеуғали өзінің № ТВ 2916 винтовкасымен жаудың 396 офицері мен солдатты құртты. Бұл винтовка қазір Алматыдағы Орталық музейде сақтаулы.

Біздің жас жеткіншектеріміз Совет Армиясының айбынды қаруының бірі — Мосин винтовкасын жақсылап үйреніп, оның бөлшектерін жете білуі, оны жақсы ата білуі керек.

Б. ЖЕТПІСБАЕВ.



ТОҒЫЗ ҚУМАЛАК ОЙЫНЫН КАЛАЙ ОЙНАЙДЫ


(Жалғасы, Басы өткен сандарда).

Журналымыздың өткен санында біз ақтың екінші жүрісіне

1. б9 — а10+, б9 — а10+

2. и10 — и11,...

келіп тоқтағанбыз. Қазіргі жағдайда ақтың үйлерінің бәрі жабық (он-оннан), қараның үйлерінің бәрі ашық (онбір-онбірден). Жүріс қазір қарадан, бірақ қараның жүретін жері жоқ. Сондықтан қара мүмкіншілігінше өз үйлерін жауып, ақтың үйін ашуға тырысу керек. Егер қара «И» үйінен не болмаса «З» үйінен жүрсе, ақтың үйлерінің бәрін ашады. Бірақ онда ақ оның ашық үйлеріндегі тастарын жейді. Қара осының бәрін жалғастыра келіп «Г» үйінен жүреді. Бұлай жүрген уақытта қараның «В» үйіндегі тастары желібейді (өйткені ақтың үйлерінде оған жететін тастар



жоқ), ал қара басқа үйлерін жауып кетті (1—сурет).

Әрине, ойын ойнағанда біз айтқандағыдай бастау шарт емес, ойындық қай жерден болсын бастауға болады. Біз тек ойындық қалай бастаудың мысалын ғана көрсетіп кеттік. Енді сендерді ойынның негізгі ережелерімен таныстырайық.

1. Жүріс.

Тоғыз құмалак ойынында жүріс жүру үшін ойыншы өзінің бір үйінде жатқан тастардың бәрін алады да, сол тас алынған үйден бастап қашан тастар таусылғанша жағалата бір бірден сала береді. Егер ең ақырғы тас қарсы ойнап отырған ойыншының үйлерінің біреуіне түссе және ол үйдегі тастардың саны жұп болса, онда жүруші кісі ақырғы тас түскен үйдегі тастардың бәрін алады да, өз қазанына салады (былайша айтқанда жеп қояды). Егер ақырғы

ЖАЗҒЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

«ҚАРЛЫҒАШ»


Бұл ойынға звено пионерлері тегіс қатысады. Ойынға қатысушылардың қолдарында бір-бір таяқ болады. Оған әркім өздерінің белгілерін салады. Бұлардан басқа ұзындығы 80 см. қара бояумен боялған бір таяқ болады. Оны «Қарлығаш» деп атайды. Ойынға қатысушының бірі «Қарлығашты» қолына алып, ойын бастаушы болады.

Ойын бастаушы «Қарлығаштың» бір жақ ұшын жоғары қаратып аспанға лақтырады. Оған тақау тұрған бірінші ойыншы ұшып бара жатқан «Қарлығашты» көздеп, өзінің таяғын лақтырады. Егер «Қарлығашқа» тигіссе, ол 3 ұтыс алады.

Мұнан кейін ойын бастаушы «Қарлығашты» алғашқы жерінен қайта лақтырады. Келесі ойыншы өз таяғымен оны көздейді. Осы тәртіппен барлық ойыншылар «Қарлығашты» кезекпен атады, тигізгендері 3 ұтыс алады.

Барлығы «Қарлығашты» бір-бір рет атып болғаннан кейін, ойыншылар алғашқы реттерімен, таяқтарының түскен жерлеріне барып, жерде жатқан «Қарлығашты» көздеп атысады. «Қарлығашқа» тигізген ойыншы 2 ұтыс алады.

Мұнан кейін ойынға қатысушылар таяқтарының түскен жерінен «Қар-



лығашты» үшінші рет атысады. Тигізгендері 1 ұтыстан алады. Осымен ойын бітеді. Кімнің ұтысы көп болса, сол ойыншы жеңген болып табылады.

Ойынның тәртібі мынадай:

1. Ойын бастаушы «Қарлығашты» белгілі бір орында тұрып лақтырады.
2. Ойыншылар таяқтарының бір ұшын алдына қаратып лақтырады.
3. Жерге түскен таяқ ойыншының лақтыруға кезегі келгенше, жерден көтерілмейді.
4. Ұтысты ең аз алған бала ойын бастаушы болып тағайындалады.

тас жүрушінің өз үйлерінің біреуіне түссе не болмаса қарсы ойнап отырған кісінің үйіне түскенмен ол түскен үйдегі тастың саны (жаңағы түскен тасты қоса есептегенде) дақ болса, онда жүруші ештеңе де жей алмайды.

2. Тұздық. Ойын ішінде әрбір ойыншының бір-бір реттен тұздық жасауға еркі бар. Егер жүрушінің ақырғы тасы қарсы ойнап отырған кісінің бір үйіне түссе және ол үйде екі тас қана жатып, жаңағы түскен таспен үшеу болса, онда жүруші жаңағы үйден тұздық жасайды. Бұдан былай бұл тұздыққа түскен тастардың бәрі тұздық жасаушы ойыншының жеген тастары болып есептеледі. Тұздық тек қана «И» үйінен жасалмайды, басқа үйлердің бәрінен жасала береді. Бір ойыншы тұздық жасаған үйге қарсы үйден,

екінші кісі тұздық ала алмайды. Мысалы: бір ойыншы «А» үйінен тұздық алса, онда екінші ойыншының «А» үйінен тұздық алуға еркі жоқ. Бір тұздығы бар ойыншының екінші тұздық жасауға да еркі жоқ.

3. Атсырау. Егер ойынның аяқ кезінде бір ойыншының үйлерінде тастары болып, екінші ойыншының үйлерінде тастары болмаса, онда ол екінші ойыншы атсыраған болып есептеледі. Былайша айтқанда, оның көшетін көлігі жоқ, жүретін жүрісі жоқ. Бұл жағдайда бірінші ойыншы өз үйлеріндегі барлық тастарын алып, өз қазанына салады да, ойынды бітіреді.

4. Ұтыс. Ойын аяғында кімде тас көп болса, сол кісі ұтқан болып есептеледі.

Ш. ЫБРАЕВ,

техника ғылымдарының кандидаты.

ШЕНБЕРДЕН ШЕНБЕРГЕ

Жерге көлденеңі (диаметрі) 6—8 метр етіп шеңбер сызу керек. Ол шеңбердің ішіне көлденеңі 1,5 м. тағы бір шеңбер сызылады. Екі шеңбердің орталығы біреу ғана болуы керек.

Ойыншылар екі командаға бөлінеді, әр командада 5 — 10 нан ойыншы болады. «Қорғанушы» команда екі шеңбердің сызықтарының аралығында тұрады да, «шабуыл жасаушы» команда үлкен шеңбердің сызығының сыртында тұрады.

«Шабуыл жасаушы» команданың ойыншылары «қорғанушы» команданың ойыншыларын шеңбердің сыртына шығарып әкетуді мақсат етеді. Ал, «қорғанушылар» олардың ойыншыларын шеңбердің ішіне кіргізуге тырысады.

Ойынның тәртібі мынадай:

1. Ойыншылар бір-бірінің қолынан ұстап немесе белдерінен құшақтап тартысады. Аяқтан, мойыннан, киімнен ұстап тартуға рұхсат етілмейді.
2. Бір команданың екі ойыншысы қарсы команданың бір ойыншысына жабылмайды. Өзінің жеңіліп бара жатқан ойыншыларына команда адамдарының көмектесуіне болады.
3. Бір ойыншыны екінші команда өз жеріне тартып алғанымен, ол ойыншының артында өз жерінде тізбек құрап тартып тұрған ойыншылары болса, ол жеңілген болып есептелмейді.
4. Үлкен шеңбердің ішіне тартып алынған ойыншылар «тұтқын» деп аталады, олар кіші шеңбердің ішінде тұрады, ойынға қатынаспайды. Сол сыяқты «шабуыл жасаушы» команданың тартып алған «тұтқындары» да ойынға қатынаспайды, оқшау тұрады.



Қай команда қарсы жақтың ойыншыларын «тұтқынға» көп алса, сол команда жеңген болып есептеледі. Бір ойын біткеннен кейін командалар орындарын бірі-бірімен алмастырып ауыстырады.

З. БАЙСЕЙТОВ.

«КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ»

Жуырда Қазақтың Мемлекеттік оқу құралдар баспасы қазақтың ағартушы ақыны Ыбрай Алтынсариннің «Кел, балалар оқылық!» атты кітабын басып шығарды. Кітапқа Ыбрайдың оншақты ұсақ өлеңдері мен отыздан аса қысқа әңгімелері кірген.

Кітап негізінен екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімі, ақынның «Кел, балалар, оқылық!» деген атақты өлеңімен ашылады. Бұл өлең өзінің бұдан жетпіс жылдар шамасы бұрын жазылғанына қарамастан, дәл бүгінге дейін өзінің құндылығын жоймай келеді. Ақын бұл өлеңде өнер-білімнің өзінен өзі келмейтінін, ол үшін оқу керек екендігін айтады. Ал, жалпы оқу дегеннің өзі не үшін керектігіне ақын:

— Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар;
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар. —

деп жауап қайтаралы.

Ақын «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде де өмірдің кілті — өнер мен білімде екенін, ауыр еңбек, зор бейнетті жеңілдетуде оның үлкен орны бар екендігін көре білді. Өнер-білімге жетілген елдердің тамаша табысқа қолы жетіп отырғандығын, поезд, телеграф, самолет, пароход т. б. адамзаттың тұрмыс қажетіне қызмет істейтінін айтады. Мұнан кейін ақын өзінің жастай білім алып, ғылымды игере алмағандығына өкінеді. Бірақ «Біз білмесек, сіз барсыз, үміт еткен достарым, сіздерге бердім батамды» деп кейінгі ұрпақтарынан, жас достарынан үміт күтеді.

Ақынның бұл үміті босқа кеткен жоқ. Совет өкметі тұсында қазақ жастары—Ыбрай ұрпақтары оқып білім алып, ғылым шыңына шығанды. Бұл, Ыбрай үмітінің орындалғанына айғақ.

Жыйнақтың екінші бөлімінде Ыбрайдың балаларға арнаған әңгімелері бар.

Алтынсарин әңгімелерінің негізгі тақырыбы — сол замандағы қазақ елінің тұрмысы, ескі ауылдың бейнесі, ондағы өмір шындығы. Жазушы халықтың қараңғылығынан туған ескі әдет-ғұрып пен дінге сенудің зияндылығын әшкерелейді. Оның «Надандық» деген әңгімесінде ауру әйелдің тірідей көмілгені айтылады. Жер астында тұншығып айғайлаған оның даусын ести тұрса да, халық діннің шырмауымен әйелге жәрдем бермейді. «Салақтық — настық» деген әңгімесінде надандықтан бой бақпаған Керімнің басынан кешірген азаптарын баяндайды.

Ыбрай ескі ауылдағы тап қайшы-



лығын да көре білген адам. Оның бұл көрегендігі «Бай баласы мен кедей баласы» деген әңгімесінде анық суреттеледі. Жазушы әңгімесінде бай баласы Асанның өмірге икемі жоқ, тұрмыс әрекетінен махрұм, топас, тоғышар екенін шебер суреттейді. Бай баласының бұлай болуы, оның жатып шер, арам тамақ таптың ортасында өскендігі деп дұрыс дәлелдейді.

Асанға қарама-қарсы Үсен бейнесі суреттеледі. Үсен — кедей баласы. Ол Асанмен құрдас болғанымен, өмір ауыртпалығын өз басынан кешірген, тұрмыстағы жоқшылықты, таршылықты көп көрген бала. Сондықтан да ол адасқанда жол, қысылғанда ақыл табады.

Ыбрай бұдан басқа да «Талаптың пайдасы», «Аурудан азған күштірек», «Әке мен бала» т. б. толып жатқан әңгімелерінде жастарды еңбекті сүйеге, талапты болуға, оқып білім алуға, халыққа қызмет істеуге шақырады. Ол үстем тап өкілдері бойында болатын, тақанпар, рақымсыз, өтірік-өсек, еңбек сүймеу тәрізді жат мінездерді барынша шенейді.

Ыбрай шығармаларының қайсысын алсақ та, сюжет құрылысы, тіл көркемдігі, тақырыбы және мазмұны жағынан балаларға түсінікті, жастар үшін тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан бұл кітапты мектеп оқушылары мен пионерлер қызыға оқытып сөзсіз.

Б. ИСКАҚОВ.

МАЗМҰНЫ

Д. Абилев — Жас бұтақтар	
.. (өлең)	2
Ғ. Нақанов — Халық батыры	3
Қ. Әбдіқадыров—Алғашқы айқас	
(әңгіме)	4
Академик Қаныш Сәтбаев	5
Г. Топанов пен Л. Черенцов —	
Алтын нажағай (әңгіме)	6
Х. Доспанова — Комсомолдың	
мектептегі жұмысы туралы	9
Б. Ордабаев — Комсомол — пионер	
уымының жетекшісі.	11
Тамаша кітап.	12
М. Бақыбаева — Оқушының ойы	
(өлең)	13
К. Мұқышұлы — Жақанның арманы	
(дастан)	14
О. Мацкевич — Шөлге шабуыл	
(очерк).	16
М. Боқаев—Пайдалы қазбалар	18
Жас агроном	19
Оқушыларымыздың шығармалары	19
Біздің почта	20
Б. Жетпісбаев — Айбынды орыс	
қаруын ойлап табушы С. И. Мосин	22
Ш. Ыбраев — Тоғыз құмалақ	
ойының қалай ойнайды	22
З. Байсеитов — Жазғы спорт	
ойындары	23
Жаңа кітап	24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Э. Бектуров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Э. Сәрсенбаев, Э. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20-V 1949 г. УГ03179
Объем 3. п. л. Тираж 10.000
Гос типография № 3 Управления Полиграфии и Издательства при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата. Заказ № 406

АЯҚТАЛМАҒАН МӘЖЛІС

Сөйлем мүшелері алғашқы мәжілісін «Ботакөздің» 256 бетінде өткізді. Мәжіліске қатынасқандар бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш. Бұл бесеуі мәжілістің толық праволы мүшелері.

«Қатынасамыз десеңдер қарсылығымыз жоқ, келулеріңе болады», деген соң бүгінгі мәжіліске сөз таптары атынан сан есім және сөйлеммен грамматикалық байланыстары болмаса да қыстырма, қаратпа, одағай сөздер де келіп отыр.

Сабырлы бастауыш салмақпен сөз сөйледі:

— Біздер көп уақыттардан бері қарай бірге қызмет істесіп, адам баласының игілігіне жұмсалып келе жатырмыз. Хұрметті достарым, бүгінгі бас қосудағы мақсатымыз: әркім өз міндетін қалай атқарып келеді деген тақырыпта біраз кеңесіп, келешек жұмысымызды бұдан әрі де жандандыра түсудің шараларын белгілеу. Пікір айтып, қосым-аларларың жоқ па?

Осыны айтты да ол отырғандарды тегіс шолып шықты. Ешкім үндей қоймап еді:

— Мен сөйлемдегі ойдың иесімін, — деді бастауыш онан әрі сөйлеп. — Менсіз сөйлем жүрексіз десе секілді. Менің мойнымда үлкен жауапкершілік бар. Айтылып отырған ойға жеке басым жауап бере аламын. Кім? Не? деп сұрай келгендердің бәрі-ақ атау тұлғада тұрған мені қыйналмай таныйды. Рас, кейбір жағдайда көзге түспей жасырынып қаламын. Бірақ бұл менің салақтығымнан емес, сөйлем құрушының олақтығынан.

Бастауыш біраз үнсіз отырып қалды.

— Бәке, — деді осы кезде баяндауыш, — маған сөз беріңізші!

— Алыңыз!

— Бәке, сіздің бір пікіріңізге қосылғым келмейді. Сіздің сөйлемдегі ой иесі екендігіңізде таласым жоқ. Бірақ «айтылып отырған ойға жеке басым жауап бере аламын» деуіңіз артығырақ па деп ойлаймын. Сөйлемде айтылған ой иесінің, яғни сіздің қыйымаңызды, күй-жағдайыңызды білдіретін мына меп. Талай оқушылар келіп: Не істеді? Не қылып жатыр? Не болды? Халі қалай? деп сізді білгілері келсе менен сұрайды. Осы «мен» деп, кеуде қаға сөйлеуді, даурықпалықты қалдыру керек қой деймін.

Ол осыны айтты да, нүктені шынтақтап, жамбастай кетті.

— Екеуміз де тұрлаулы мүшелерміз, ренжісетін не бар, көтеріліп отыр, — деді оған бастауыш.

Жеңіл мінезді пысықтауыш кенеттен:

— Сендер неге бөлектенесіңдер, — деп шаңқ ет түсті. — Бізсіз күрделі ойды қашан, қай жерде беріп едіңдер? Баяндауыш, сені әсерлеп, көріктеп, пысықтап

тұратып мен емесін бе? Мағнанды суреттеп, айқып, дай түсемін, сөнің менімен кіреді. Қай мезгілде, қандай мақсатпен, қай мекенге жұмсасаң да, бара беремін.

Пысықтауыштың сөзін бөліп:

— Жолдастар, қызбаңдар, — деді денелі толықтауыш, жуан үймен баптап сөйлеп, — ешқайсымыздың басыбайлы, меншіктен алған қызметіміз жоқ. Біз де бастауыш болғанбыз. Ол мақтанып, дәреже емес.

Бастауыш оның сөзін жақтырмай түксіп, көзінің астымен сүзе қарап қойды.

Толықтауыш оған:

— Сен бастауышың, тұрлаулымың деп кеуденді қағасың. Септеле кетсең, күніңнің не болатынын ескермейсің де, — деді.

— Төлекеңнің қызметі зор, ол көбінесе біздің мағнамсызды толықтырып тұрады, — деп, баяндауыш қасында отырған сан есімнің құлағына сыбырлады.

Манадан бері күлімдеп, тек тыңдаумен отырған анықтауыш қолын көтерді. Бұл не айтар екен дегендей барлығы жым болып, қарай қалды.

— Кімнің қандай қызмет атқарып жүргенін өмір көрсетеді. Ешқайсымыздың еңбексіз жүрген жайымыз жоқ. Сіздерге мәлім біз, анықтауыштар, есім сөздерді анықтаймыз. Сонымен бірге заттық мағнара не болып тұрған басқа сөз таптарымен де байланысып белгісіп, сын-сыйпатын, сапасын білдіреміз. Мысалы, қазіргі кезде дүниеде жеркөпішті болса да Трумэн, Маршалл, Бевин, Черчилль секілді есімдер яғни заттар бар. Бұлардың соғыс құмар, кісі өлтіргіш, арыс, алдамшы, жалақор екендігін жер жүзіндегі адал ниетті, бейбітшілік сүйгіш қарапайым адамдар тегіс біледі. Сол жеркөпішті есімдердің зұлымдық істері мен арам ниеттерін әшкерелеп, таптыра түсуде бізді, анықтауыштарды, Бас ассамблеяда сөйлеген сөзінде Вышинский жолдастың зор құрал етін пайдаланғанын анық көруге болады.

— Достарым! — деді осы кезде арт жақтан қаратпа сөз, — үзіліс жасасак қалай болады?

Екі үтірдің ортасында отырған қыстырма сөз орнынап қозғалып қойды да:

— Үзіліс жасаған, әрине, жамап болмас еді, — деді.

— Тым болмаса бес минут, — деп сан есім бастауышқа қарады.

Бастауыш үзіліс жариялады да:

— Сіздер тарап кетпеңіздер, барлықтарыңыз осы бетте болыңыздар, — деді. — Мәжілісіміз аяқталған жоқ.

— Уһ! — деді одағай леп белгісіне сүйеніп, орнынан тұрып жатып.

В. СОҚПАҒБАЕВ.



1 ПИОНЕР К
17А. ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБЛ. ЕВБ. КЕ
1 1.12 3

Суретті салған В. НЕСТЕРОВ.

Өзің туған өлкенің
Көркіне көз тояр ма?!
Отты болса жүрегің,
Өзіне тартпай қояр ма?!

Жарқын жазда дем алып,
Талай жерге бармақпын.
Таба ғой, достым, картадан.
Қай-қай жерде болмақпын?

М. Әлімбаев

